Андатпа. Мақала шетел тілін үйренудегі ойын технологиясының тәлім-тәрбиедегі қолданысына арналған. Мақалада, ойынның сан түрлі көріністері қарастырылады. Бұл әрине студенттерге тіл үйренуде мол мүмкіндік береді. Мақаладағы 6 тармақта оқытушының әдістемесінде мақсатты түрде анық көрсетілген. Түбегейлі, сөздік қорына ойлау және студенттерге сөз құрылымдарын дұрыс үйретуге бағытталған. Студенттерге сұрақтың түрлері, оларды қай жерде қандай бағытпен қолдану анық көрсетілген. Келесі тарауларда да студенттер дербес немесе жанындағы пікірлесушімен тең әңгімелесіп, ойын дұрыс жеткізе алуына бағытталған. Бұл әдіс үйретуші мен білім алушының сапалы білім алуына, сөйлесім қабілетінің дамуына зор ықпал етеді. Тіл үйренушінің жұрт алдында сөйлей алуын, өз ойын еркін жеткізуін, оның нәтижелі бағыт-бағдар алуын осындай ойындар арқылы көрсетуге болады.

Тірек сөздер: мағына, іс-әрекет қозғалысы, жұмсақ-майысқыш, мультимедиа, рольдік ойындар.

1 Aliya, S. K. (2002). The role of computer games in the development of theoretical analysis, flexibility and reflective thinking in children: A longitudinal study. *International Journal of Psychophysiology*, 45, 149.

2 Marilisa Amoia, Claire Gardent, Laura Perez-Beltrachini. A Serious Game for Second Language Acquisition. In *Proceedings of the 3rd International Conference on Computer Supported Education (CSEDU 2011)*. Noordwijkerhout, The Netherlands, 2011.

3 Boyle, T. (1997). *Design for Multimedia Learning*, London: Prentice Hall.

4 M. Csikszentmihalyi, *Flow: The Psychology of Optimal Experience*, Harper & Row, New York, 1990.

5 S. Felix 1981. The effect of formal instruction on SLA. *Language Learning*. 32:87-112.

6 Johnson, J.S., Newport, E.L. (1989). "Critical Period Effects in Second Language Learning: The Influence of Maturational State on the Acquisition of English as a Second Language." *Cognitive Psychology*, Vol. 21, pp. 60-99.

7 Barry McLaughlin, (1985). *Second-Language Acquisition in Childhood*. Vol. 2: *School-Age Children*. Hillsdale, N.J.: Lawrence Erlbaum Associates.

УДК81'2316.2127

ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМІН КӘСІБИ ДАЯРЛАУДАҒЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІК ТӘСІЛІ

Кайранова А.С. - 1 курс магистранты,
Ғылыми жетекшісі - Нұрғожина Ш.И. - ф.ғ.д., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ

Елбасымыз 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы ассамблеясының XII құрылтайында «Үш тұғырлы тіл» туралы идеяны жария етті. Ал 2007жылғы Жолдауында «Тілдердің үштұғырлылығы» атты мәдени жобаны кезең-кезеңмен іске асыруды ұсынды. Бұл идеяның негізі мынадай: Қазақстанды бүкіл әлем халқы үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде тануы керек. Олар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қарым-қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі. Үштұғырлы тіл өмірлік қажеттіліктен туындаған идея. Қай заманда болмасын, бірнеше тілді меңгерген мемлекеттер мен халықтар өзінің коммуникациялық және интеграциялық қабілетін кеңейтіп отырған.

“Үштұғырлы тіл” идеясының үшінші құрамдас бөлігі – ағылшын тілін үйрену. Қазіргі таңда ағылшын тілін меңгеру дегеніміз – ғаламдық ақпараттар мен инновациялардың ағынына ілесу деген сөз. Қазақстандықтардың ағылшын және басқа да шет тілдерін оқып-үйренуге жәрдемдесу үшін колледждер мен жоғары оқу орындарында шет тілінің болашақ оқытушыларын оқыту жүйесі мен процесіне қойылатын талаптарды күшейту керек.

Тірек сөздер: шетел тілінде білім беру, шетел тілінің мұғалімі, құзыреттіктер мен құзыреттіліктік тәсілі, педагогикалық шеберлік.

Әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, ХХІ ғасыр жоғарғы мектебінің қызметін және сондағы білім беру мазмұнын анықтауда бірқатар жаңа тұжырымдық тәсілдердің негізі мен бағыттары қайта қарастырылғанын көрсетеді. Осыған орай, мемлекетімізде шетел тілін оқытатын мамандарды кәсіптік даярлау мәселесіне басты назар аударылуы маңызды.

Бәрімізге мәлім болғандай, кәсіптік мұғалімнің жеке басының параметрлеріне келесілер жатады:

- Педагогикалық ептілігі;
- Педагогикалық шеберлігі;

Педагогикалық ептілік дегеніміз мұғалімнің кәсіби ісіндегі өз пәнінің мұқият білу дәрежесі, психологиялық және педагогикалық теорияны игеруі, оқу және тәрбиелеу дағдысы мен икемділігінің жүйесі, сонымен қатар кәсіпқойлық қасиеттері мен сапалары арқасында жеткілікті түрде оқыту және тәрбиелеу жұмысын жүргізу. Кәсіптік өсудің келесі сатысына педагогикалық шеберлікті жатқызуға болады.

Педагогикалық шеберлік мұғалімнің оқыту барысындағы сапалы мінездемесі ғана емес, яғни оның психологиялық және педагогикалық теорияның практикада тиімді әдістер мен тәсілдерді іріктеп алып, қолданылуы [1].

Мұғалімнің оқушыға қатысты негізгі қызметтері:

- Дамытушылық;
- Тәрбиелік;
- Коммуникативті;
- Ұйымдастырушылық;
- Конструктивті жоспарлау.

Сонымен қатар, шетел тілінің мұғалімі шет тілін жоғары деңгейде меңгеріп, әлеуметтік – мәдени ақпаратты, шетел тілін оқыту әдістемесін және осы бағыттағы жаңа зерттемелерден хабары болуы тиіс. Ол өз елінің патриоты, халыққа жақын болып келеді. Тек қана келешек ұрпаққа білім беріп қана қоймай, тұлғаны тәрбиелеп, жетілдіреді. Осыған байланысты жаңа типті мұғалімнің дамуын келесідей сипаттауға болады:


1. Жоғары азаматтық жауапкершілі пен әлеуметтік белсенділік;
2. Балаларға деген сүйіспеншілігі;
3. Шынайы зиялылығы, рухани мәдениет, басқаларымен жұмыс істей білуі мен ықыласы;
4. Жоғары кәсіптік, инновациялық стильдегі ғылыми – педагогикалық ойлауы, жаңа идеяларды дауындауға әзірлігі;

5. Өз бетімен үнемі білім алумен шұғылдануы және оған дайындығы;
6. Физикалық және психологиялық денсаулығы, кәсіптік еңбекке қабілеттілігі.

Шет тілі пәнінің өз ерекшелігі бар, оны мұғалімнің ескермеуі мүмкін емес. Қазіргі уақытта шет тілін меңгерудің мақсаты басқа мәдениетке араластыру және екі жақты диалогты жүргізе білу болып табылады. Бұл мақсат мәдениетаралық байланысты қалыптастыра білу арқылы жүзеге асады. Нақтырақ айтатын болсақ, коммуникативті бағыт негізінде ұйымдастырылған оқыту өзіне қажетті тәсілдерді пайдалана отырып, сабақтың ерекшелігін көрсетеді. Қазіргі шет тілі сабақтары күрделі білім, оған дайындалу мен өткізу мұғалімнен көптеген шығармашылық күшті жұмсауды қажет етеді. Бірінші кезекте, сабақта көптеген міндеттер шешіледі. Ол міндеттер орындау үшін, мұғалімнің құзыреттіліктер мен тәсілдердің жете білуі шарт.

«Құзыреттілік» терминіне алғаш анықтама беріп, лингвистикаға енгізген американдық ғалым Н.Хомский. Құзыреттілік дегеніміз – тұлғаның бойында білім, дағды, іскерлік, ерік күш –жігердің болуы. Құзыреттілік – оқушы іс-әрекетінің сапасынан көрінетін білім нәтижесі. Құзыреттілік ұғымы «білім», «білік» және «дағды» сияқты ұғымдарды қамтиды. Құзыреттілік – бұл алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі. Құзыреттілік мәселесі бойынша А.Дорофеев, В.С.Кульневич, Г.Селевко, Л.А.Петровская, Т.Е.Исаева, А.В.Хуторской, Н.В.Кузьмина, А.К.Маркова, В.Д.Шадриков, Г.Ж.Менлибекова, Б.Т.Кенжебеков, Дж.Равен, С.И.Ферхо, Ю.Г.Татур, И.А.Зимняя, В.Байденко, С.Е.Шишов, Ш.Таубаева, М.Ж.Жадрианың, Д.П.Мучкиннің, А.Арғымбаеваның, К.Л.Кабдолова мен Г.У.Кунакованың, Р.Дәулетованың, В.Е.Гаибова мен А.П.Чернявская, А.Б.Изделеуова еңбектерін талдау құзыреттілік ұғымының мәнін нақтылауға мүмкіндік береді.

Кәсіптік құзыреттілік – практикалық тәжірибе, шеберлік және білім негізінде кәсіптік тұрғыдан табысты әрекет жасай білу. А.В. Хуторской бойынша құзыреттілік – белгілі бір жағдаятта адамның өз білімін тиімді қолдана білуі [2].



А.В. Хуторской құзыреттілік тұрғыдан білім берудің мазмұнында синонимді түрде жиі қолданылып жүрген «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарын жалпы және жеке асыратып қарау керектігін ұсына отырып, былайша айқындайды:

Құзырет-тұлғаның өзара байланысты (білімділік, біліктілік, дағды, әрекет қабілеттілігі) қасиеттерінің белгілі бір заттар мен процестерге қатысты сапалы өнімділік әрекеті.

Қазіргі кездегі білім берудегі мұғалімнің мақсаты білім мазмұнын игеруге және оны өзінің жеке білімдік капиталына енгізуге арналған ақпараттық ортадағы берілген мүмкіндіктерді қолдану болып саналады. Мына заманда біздің оқушылардың алдына қойылатын талаптар да күннен-күнге, жылдан-жылға өсуде. Заман талабы оқушылардың бойында түйінді құзыреттіліктерді қалыптастыру болып табылады.

1. Құндылық түсінігі – бұл білім алушының құндылық бағдары, қоршаған әлемді көре білуі мен түсіну қабілеті, өзінің ондағы рөлін сезінуі, өз іс-әрекетінің мәнділік және мақсатты ұстанымының болуы, шешім шығара білуі. Бұл құзыреттілікті меңгерген білім алушы оқу және басқа іс-әрекетте өз білімі мен біліктерін жүзеге асыра білу қабілетіне ие болады, нәтижесінде білім алушының жеке білімдік кеңістігі және оның өмірлік әрекет бағдарламасы қалыптасады.

2. Ұлттық құндылықтарға негізделген мәдени құзыреттілік – жалпы адамзаттық мәдениет, ұлттық мәдениет аймағындағы адамның іс-әрекет тәжірибесі, адамзат қоғамы мен жеке халықтардың, адам өмірінің рухани-адамгершілік түсінігінің болуы. Оған адам өміріндегі ғылым мен діннің ролі, әлеуметтік құбылыстар мен дәстүрлер, отбасы мәдениеті, олардың қоршаған әлемге әсері, білім алушының оны игеруі мен мәдени тұтастықты сезінуі.

3. Оқу-танымдық құзыреттілік – білім алушының дербес танымдық іс-әрекет арнасындағы құзыреттіліктер жиынтығы: білім мен мақсаткерлік, жоспарлау, талдау, оқу-танымдық әрекетті өзіндік бағалау. Білім алушы жаңа шығармашылық әрекет дағдыларын меңгереді: нақты жағдайда іс-әрекет тәсілдерін біледі, мәселені шешуде эвристикалық әдістерді қолданады. Бұл құзыреттілік аумағында білім алушының сауаттылық талаптары анықталады: шындықты, фактіні анықтай білу, өлшеу дағдыларын игеру, статистикалық, мүмкіндік және басқа таным тәсілдерін білуі.

4. Ақпараттық құзыреттілік – білім алушының оқу пәніндегі және білім алу шеңберіндегі, сондай-ақ қоршаған әлем туралы ақпаратты қолдана білу дағдылары. Түрлі нысаналар (теледидар, ұнтаспа, телефон, компьютер) және ақпараттық технологиялар (бейне, таспа, электрондық почта, Интернет т.б.) көмегімен ізденімпаздық біліктері қалыптасып, ақпаратты талдау, саралау, сараптау, сақтау және оны тарата білуге үйренеді.

5. Коммуникативтік құзыреттілік – тілдерді білу, айналасындағы адамдармен сөйлесу, топта жұмыс істей білу дағдысы, түрлі әлеуметтік рольдерді меңгеруі. Білім алушы өзін таныстыра білуі, хат жазу, сауалнама толтыру, өтініш жазу, сұрақ қою, пікірталасқа қатыса білуі т.б. керек.

6. Әлеуметтік-қызмет құзырлылығы – азаматтық-қоғамдық әрекет шеңберіндегі (азамат, бақылаушы, сайлаушы, өкіл т.б. рөлін орындау), әлеуметтік-қызмет аумағында (тұтынушы, сатып алушы, өндіруші), отбасы қатынастары мен міндеттері көлемінде, экономика және құқық сұрақтарында, кәсіби бағдар бойынша білімдері мен тәжірибелерін меңгеруін көрсетеді.

7. Жеке тұлғалық өзін-өзі жетілдіру құзырлылығы – білім алушының дене, рухани және интеллектуалдық өзіндік дамуы, эмоционалдық тұрғыда өзін-өзі реттеу мен жүзеге асыру тәсілдерін меңгеруге бағытталады. Білім алушы өз қызығушылығы мен мүмкіндіктері арқылы өзіндік танымын, қазіргі кезеңдегі қажетті жеке тұлғалық қасиеттерін дамытып, психологиялық сауаттылығын, ойлау мәдениеті мен мінез-құлық мәдениетін меңгереді. Сондай-ақ бұл құзыреттілік қа жеке бас гигиенасы, өз денсаулығы мен экологиялық мәдениет кіреді.

Негізгі құзыреттіліктер түріндегі күтілетін нәтижелер:

- оқушыларды өз бетінше талдауға;
- өз қызметіне мақсат қоюға;
- жоспарлауға, жинақтауға;
- қорытындылауға, салыстыра дәлелдеуге;
- сыни тұрғыдан шешім қабылдауға ;
- өзін-өзі бағалауға;
- өзін-өзі реттеуге;
- өзін-өзі түсінуге;
- өз әрекетінің әлсіз және күшті жақтарын көрсете білуге;
- нені меңгергенін, нені меңгермегенін анықтауға;
- өз білімін өзгермелі жағдайларда қолдана білуге үйрету.

И. А. Зимняя құзыреттілік тәсілдің құрылуының 3 кезеңін көрсетеді:

1. бірінші кезең (1960 – 1970жж) – ғылыми аппаратқа «құзырет» категориясының енуі; әртүрлі тілдерді үйрену теориясын зерттеудегі тілдік немесе коммуникативтік құзырет; «құзырет»/ «құзыреттілік» ұғымдарын ажыратуға арналған алғышарттардың құрылуы;

2. екінші кезең (1970 – 1990жж) – «құзырет» пен «құзыреттілік» категорияларының тілді үйренудің теориясы мен практикасында, кәсіптік басқаруда, менеджментте, сөйлеуге үйренуде қолданыла бастап, «әлеуметтік құзырет/құзыреттілік» ұғымдарының мазмұны құрылады.

3. (1990ж. бастап) – ортакеуропалық құжаттарда құзыретті білім алудың қалаулы нәтижесі ретінде қарастырып, негізгі жағандық құзыреттер анықталады [3].

Қазіргі отандық педагогикада мамандарды дайындауда негізінде көптеген тәсілдер анықталған. Соның ішінде бұрыннан келе жатқан сараланған, коммуникативті және әлеуметтік-мәдени, кейіннен пайда болған жағдаятты, контексті, ақпаратты тәсілдер бар. Ең соңғысына құзыреттіліктік тәсілі жатады. Құзыреттіліктік тәсілдің идеясы педагогикада өткен ғасырдың 80 жылдарында дүниеге келді. Бастапқыда әңгіме тәсіл жайында емес, құзыреттіліктік, оның ішінде кәсіптік құзыреттіліктік, тұлғаның кәсіптік құзыреттіліктігі жөнінде болды. Яғни, құзыреттіліктік кең мағынада «пәнді тереңдетіп білу мен меңгерілген дағдысы» деп түсіндірілді. Соңғы жылдары (XX ғасырдың соңынан бастап) білім жүйесінде құзыреттіліктік тәсілді В.Болотов, В.А.Кальней, А.М.Новиков, В.В.Сериков, С.Е.Шишов, Б.Д.Эльконин қарастыра бастады.

Құзыреттіліктік тәсілдің астарында жалпы «тәсіл» деп нені айтатыны анықталады. Әдебиетте тәсілді мәселелерді шешу негізінде жатқан идеялар, принциптер мен әдістер жиынтығы ретінде көрсетіледі. Көбінесе тәсілді әдіспен теңестіреді. Тәсіл әдіске қарағанда кең мағыналы ұғым.

Тәсіл – әдіс элементі, оның құрамды бөлігі, әдісті іске асырудағы жеке қадам. Құзыреттіліктік тәсілді кәсіптік білім алу барысында жүзеге асыру үшін қабілетті маман қалыптастыруды негізге алады.

Құзыреттіліктік тәсілді қарастыру үшін келесі көзқарастар берілген.

Біріншіден, «құзыреттіліктік тәсіл – білімнің жинақылығын, әдістер нұсқаулары мен ойлаудың сыншылдығын қамтитын интегративті ұғым» [4,152].

Екіншіден, әлеуметтік құзыреттілік (топпен жұмыс жасай білуі, жауапкершілікті қабылдауы, кәсіптік білім берудегі тәсілдерді меңгеруі); арнайы құзыреттілік (өз бетімен жұмыс істеуге деген дайындығы, кәсіптік міндеттерді шеше алу қабілеті, өз жұмысын бағалай алуы, мамандығы бойынша өз еркімен білім ала алуы); дара құзыреттілік (мансабын үнемі жоғарылатуға деген дайындығы, кәсібінде өзін өзі көрсете білуі, кәсіптік рефлексияға деген қабілеті, кәсіптік кризисті жеңіп шығуы) [5].

Үшіншіден, екі компонент жиынтығынан тұратын анықтамалары: кәсіптік-техникалық дайындығы, бұл дегеніміз болашақ маманның технологияларды меңгеруі [6].

Құзыреттіліктік ұғымы білім үдерісінің нәтижесі жағымен байланысты. Көбінесе біз қабілетті маман, қабілетті педагог немесе жетекші деп жатамыз, немесе «маман тұлғасының әлеуметтік қабілеттілігі» деген сияқты. Бірақ ешқашан «құзыретті оқу үрдісі», «құзыретті мазмұн», «құзыретті мақсат», «құзыретті шарттар» деп айта алмаймыз.

Қорытындылай келе, педагогтардың кәсіптік құзыреттілігіне сәйкес біз тұлғаның интегративті сипаттамасын, яғни өзінің дайындығы мен кәсіптік қызметінде нәтижелі шешім қабылдауын түсінеміз. Педагогтардың кәсіптік құзыреттілігінің құрылымына мыналар жатады: мотивациялық, когнитивтік, жеке тұлғалық және белсенділік компоненттері.

«Құзыреттілік» ұғымы, және оның маманды дайындау (оның ішінде мақсаты, мазмұны, нәтижесі және оқыту құралдары) құрылымын айтатын болсақ, ол мақсат пен нәтижеге жетуге қолданылады, ал сапа – барлық құрылым компоненттерінде пайдаланылады. Құзыреттілік – мақсат сапасының сипаттамасы.

Сонымен, білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығына жағдай жасай алатын, тұлғалық-ізгілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген, отандық, шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті атаймыз.

Аннотация. В октябре 2006 года Президент РК Н.А.Назарбаев на XII курултае ассамблеи народов Казахстана объявил об идее «Триязычия». А в 2007 году в Послании культурного проекта «Триязычия» предложил постепенный план данного проекта. Основная идея - весь мир должен узнавать о Казахстане как о стране с тотальным высшим образованием говорящей на трех языках: казахский язык – государственный язык, русский язык – язык межнационального общения, английский язык – язык для международного общения. Триязычие – идея продиктованная временем и выигрывают те государства и народы, которые на протяжении веков овладевали несколькими языками, расширяя свои коммуникационные и интеграционные качества. Это актуально в эпоху глобализации.

Третьей составной частью идеи «Триязычия» является изучение английского языка. Владение английским языком в современном мире означает быть на волне глобальных, информационных и инновационных течений. Чтобы помочь казахстанцам во владении английским и иными языками нужно усилить требования в образовательном процессе при подготовке будущих преподавателей иностранного языка в колледжах и высших учебных заведениях.

Ключевые слова: преподавание иностранного языка, преподаватель иностранного языка, компетенции и компетентностные подходы, педагогическое мастерство.

Abstract. In October 2006, the President of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev at the XII Qurultay Assembly of Peoples of Kazakhstan announced the idea of a “Trilinguism”. And in 2007, in his missive to the cultural project “Trilinguism” proposed a progressive plan of this project. The essential idea is this: the whole world should know about Kazakhstan as the country speaking in three languages and higher education. They are: the Kazakh language - the official language of the country, Russian language and English languages - the languages of international communication. Trilinguism - the idea due to the time. Those states and nations for centuries mastered several languages is always expanding their communication and integration competencies.

The third part of the idea of “Trilinguism” is learning English. Proficiency in English in the world today means to be on the wave of global information and innovation trends. To help the people of Kazakhstan in learning of the English and other languages need to enhance requirements in the learning process in the preparation of future foreign language teachers in colleges and universities.

Key words: teaching foreign language, know, a teacher of foreign language, competencies and competence approaches, pedagogical skill.

1 Методическое пособие учителя: учебное пособие/Под ред. Е.И.Пассова, Е.С.Кузнецовой. – Воронеж: НОУ «Интерлингва», (Серия «Методика обучения иностранным языкам», №18). Составители: Е.И.Пассов, Е.А.Морозова, Н.Е.Кузовлева.

2 Хуторской А.В. Ключевые компетенции и образовательные стандарты//Интернет –журнал «Эйдос». 2002 – 23 апреля. <http://www.eidos.ru>

3 Зимняя И.А. Ключевые компетенции - новая парадигма результата современного образования//Интернет – журнал «Эйдос». 2006. <http://www.eidos.ru>

4 Чошанов М.А. Гибкая психология проблемно-модульного обучения. - М.: Народное образование, 1997. – 152 с.

5 Ландшер В. Концепция «минимальной компетентности»// Перспективы. Вопросы образования.

6 Новиков А.М. Профессиональное образование. – М., 1997

7 International Bureau of Education Competency –based approaches. <http://www.ibe.unesco.org>.

ӘОЖ 370266:811.111(07)

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНДЫҚ ӘДІСТЕМЕСІ

Абдрахманова Г.С. - Абай атындағы ҚазҰПУ Шет тілі: Екі шет тілі II курс магистранты,
ғылыми жетекшісі Абдрахманова Г.Х. - ф.ғ.к., доцент.

Аңдатпа. Адамзат баласының өз ұрпағын оқыту мен тәрбиелеудегі ең озық тиімді әдістерін тәжірибелерін жалғастырып тың жаңалықтар іздеу, классикалық педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамыту қашанда жалғаса бермек. Қазіргі таңда жеке тұлғаны қалыптастыру оқушының өзі арқылы, оның іс - әрекетін ұйымдастыру арқылы ойлау дағдыларын дамыта отырып жүзеге асырылады. Білім - жолы қиында қастерлі жол. Болашақ жастарды оқыту, тәрбие беру, қазіргі өмір ағысына бейімдеу ұстаз алдында тұрған ең басты міндет. Қазіргі заманғы білім беру жүйесі оқытудың инновациялық нысандары мен әдістерін енгізу педагог қызметкерлердің тұлғасына кәсіби құзыреттілігіне жоғары талаптар қояды. «Кәсіби құзыреттілік - жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетті атқаруға теориялық және практикалық әзірлігімен қабілеттілігінің бірлігі». Білім берудегі мақсат тек білімді кәсіби мамандандырылған адам дайындау ғана емес, рухани дүниесі бай және адамгершілігі зор, қоғамдық өмірдің барлық аясында ұлттық құндылықтарды бағалауға және дамытуға қабілетті тұлғаны қалыптастыру керек екенін баса айтқан жөн. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 29 қаңтар 2011 жыл Қазақстан халқына жолдауында «Мен қазіргі заманғы қазақстандықтар үшін үш тілді білу әркімнің дербес табыстылығының міндетті шарты екендігін айтып келемін. Сондықтан 2020 жылға қарай ағылшын тілін білетін тұрғындар саны кемінде 20%-ды құрауы тиіс деп есептеймін» - деді[1].

Абстракт. В обучении и воспитании будущего поколения человечества должны развивать и использовать новые технологии обучения и воспитания. В современном мире воспитание личности осуществляется через самого ученика, организации деятельности ученика, развивая его мыслительные навыки. Знание – это очень сложная проблема и нужный путь. Обучать и воспитывать молодое поколение в нашем мире и найти правильный путь жизни – это главная задача учителя. В настоящее время современное образование требует использовать в обучении инновационные подходы. Это компетентность каждого педагога. (Профессиональная компетентность это – компетентность личности, его способность выполнять теоретические и практические действия обученности). Главная задача в обучении подросткового поколения, это – не только дать ему образование, воспитывать его духовно, гуманно, впитывая национальное богатство в себе умеющий правильно найти свое место в обществе. В обращении к народу Казахстана 29 января, 2011 года Н.Назарбаев, президент РК сказал: «Я думаю нынешние казахстанцы должны владеть тремя языками, эту задачу каждый казахстанец должен считать своей задачей. Поэтому, к 2020 году в нашей стране более 20 % жителей будут владеть английским языком».

Abstract. The new training technology and education should be developed and used in the training and education of future generations of mankind. Nowadays the student organization activities, developing his thinking skills is realized through education of the individual of the student. Knowledge - is a very complex problem. To teach and educate the younger generation in our world, and to find the right way of life is a main task of the teacher. Currently, modern education requires the use of innovative approaches of learning. This competency has each teacher. (Professional competence is – a person competence, his ability to carry out theoretical and practical training activities). The main objective of the training generation - not only to give him an education, to educate him spiritually, humanly, soaking up the national wealth in itself correctly able to find their place in society.

In an address to the people of Kazakhstan January 29, 2011 Nursultan Nazarbayev, President of Kazakhstan, said: "I think the current Kazakh people must speak three languages, every citizen of Kazakhstan should consider this task as his own task. Therefore, more than 20% of residents will be proficient in English until to 2020.

Тірек сөздер: техникалық құрал, коммуникативтік технология, ақпараттық қоғам, оқу бағдарламалары, интербелсенді әдіс, анимация, тұсау кесер, интернет желісі, тілдік құзыреттілік, ұлттық құндылық, қабілетті тұлға, ойлау қабілеті, ақпаратты байланыс.

Ключевые слова: технические материалы, коммуникативные технологии, информационное общество, учебная программа, интерактивные методы, анимация, презентация, интернет, языковая компетенция, национальная ценность, способная личность, мыслительная способность, информационное общение.

Key words: technical materials, communicative technology, informational society, educational programme, interactive methods, animation, presentation, internet, language competence, national value, capable personality, thinking ability, informational relations.

Оқушыны ағылшын пәніне қызығушылығын тудырып дамытуды және жемістің нәтижесін көруді мақсат тұтқан әрбір мұғалім жолдауға жедел үн қосу керек деп білемін. Шетел тілін үйрету қиын да, қызықты жұмыс. Қазіргі кезде ұстаздарға қойылып отырған талап жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып сапалы терең білім беру, оқушылардың ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін жетілдіру. Мектептерде жаңа технологиялар арқылы оқыту шет тілін үйренудің сапасы мен маңызын арттырады. Ағылшын тілін оқыту процесінде тілді дұрыс үйрету ауызша сөйлеу, сауатты жазу, мәнерлеп оқыту өте маңызды. Қазіргі кезеңде мектептерде ағылшын тілін оқыту дұрыс жолға қойылған. Оқушылардың ағылшын тілін біліп ғана қоймай, оның тарихын, ұлттық мәдениетін білуге көп көңіл бөлінеді. Шетел тілін оқытудағы білімділік мақсаты - шетел тілінде сөйлеуді үйрету, байланыста бола алу мен ортақ тіл табысып, қарым - қатынасты нығайтуға ұмтылу болса, тәрбиелік мақсаты - өзге адамдарды тыңдау мәдениетін қалыптастыру негізінде өз пікірін айта алу және қорғауға үйрету. Елімізде білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияларды қолдану басты мақсат болып отыр. Ол тек қана техникалық құрал емес, сонымен бірге жаңа ақпараттық, коммуникациялық технология және білім беру жүйесіндегі сабақ берудің жаңаша әдісі.

Елбасымыздың Қазақстан халқына жолдауында ХХІ ғасырда ақпараттық қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу керектігін атап көрсетті: Компьютерлік техниканы, интернет, телекоммуникациялық желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, мультимедиялық электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көрсету. Сонымен қатар тәуелсіз еліміздің болашағы жарқын, білімді, парасатты, өз ана тілімен бірге шетел тілі «ағылшын тілінде» еркін сөйлеп, өз елін, халқын, мәдениетін шетелге таныстыра алатын үш тілде еркін сөйлейтін азамат болып шығуы керек деген еді. Компьютерлік телекоммуникациялар бүгінгі қоғамда үлкен қолданысқа ие. Мәселен бизнесте, ақпараттық құралдарда, ғылым мен білімде.

Қазіргі заман мұғалімі тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи-танымдық, педагогикалық-психологиялық сауатты, саяси-экономикалық білімді және ақпараттық-коммуникациялық білімді және ақпараттық-коммуникациялық технологияны жан-жақты меңгерген ақпараттық құзырлы маман болу керек. Ағылшын тілі - бүгінгі заманымыздың кілті, компьютер технологиясының кілті екені белгілі. Ағылшын тілінде әлемге әйгілі Вильям Шекспир, Джонаттан Свифт, Вальтер Скотт сөйлеген - ұлы әдебиет тілі.

Бұл тілде Біздің мемлекетімізде жаңа телекоммуникациялық құралдың дамып келе жатқаны сөзсіз. Қазіргі заман педагогтарына компьютер және мультимедиялық құралдарды қолданудың сабақ өту барысында өте тиімді тәсіл екені белгілі. Бұл құралдың қуаттылығы соншалықты онымен бірге білім жүйесіне жаңа әдістермен бірге әлемдік ойлаудың жаңа идеологиясы (шығармашылығы) енгізілді [2]. Компьютерлік және ақпараттық технологиялар заман талабы. Сол себепті еліміздің барлық білім беру ошақтары қазіргі озық технологиялармен жабдықталып, мультимедиялық кабинеттер ашылды. Ең алдымен технология туралы жалпы мәліметті қарастырайық. Сөздіктерде «Технология» деген адамдардың нақтылы күрделі үрдісті өзара байланысқан жүйелер, рәсімдер мен операцияларға жіктеу арқылы жүзеге асыру тәсілін айтады. Бұл арада рәсім деп басты үдеріс (немесе оның бір кезеңі) жүзеге асыратын, нақтылы технологияның мәнін білдіретін әрекеттер кешенін айтамыз, ал операция – осы рәсім аясындағы міндеттерді практикалық жағынан шешу жолы. Поляк педагогы В. Оконь оқыту құралдарын мұғалімнің іс-әрекетін ауыстыру мен білім алушылардың әрекетін автоматтандыру мүмкіндігінің өсуіне байланысты жіктейді. Осыған сәйкес, оқыту құралдары екі топқа бөлінеді: жәй және күрделі. Жәй құралдар: сөздіктер, оқулықтар және басқа да мәтіндер; қарапайым визуалды құралдар: нақтылы заттар, модельдер, суреттер. Күрделі құралдар: механикалық визуалды құралдар: кодоскоп, диапроектор және т.б; аудио құралдар: магнитофон, радио, музыка ойнатқыш; аудиовизуалды: дыбысты фильм, телевизор, бейнежазба; оқыту процесін автоматтандыру құралдары: мультимедиялық кабинет, компьютерлер, ақпараттық жүйе, телекоммуникациялық жүйе. Бұл технологияларды әсіресе шетел тілін үйренуде пайдасы өте зор. Себебі, тіл үйрену арқылы адам бүкіл бір ұлттың мәдениеті мен әлеуметін қатар үйренеді. Ал оны толықтай меңгеру үшін оқулықтың аздық етері анық. Адам көру, есту арқылы тіл қолданушылардың мәдениетін тезірек сезінеді. Яғни, өзінің де сол тілді меңгергендердің қатарына қосылуы әбден мүмкін. Қазіргі таңда жаңа ақпараттық технологияларды оқушылардың ағылшын тіліне деген қызығушылығын арттыру құралы ретінде қолдану өте тиімді. Жаңа ақпараттық технологияларды енгізу және қолдану, интеллектуалды дамыған, ақпараттық ортада жақсы әрекеттене білетін тұлғаны қалыптастыру жолында пайдалы болуы мүмкін коммуникация құралдарының барлығын пайдаланудың белсенді процесі жүріп жатыр [3].

Тіл үйрену барысында жаңа технологияларды қолдана отырып, педагогикалық қалыптасқан жазу, тыңдау, түсіну, сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға әбден болады. Ал енді, психологиялық жағына келетін болсақ, қазіргі уақыт ағымындағы оқушылардың әрқайсысының үйлерінде әдетте көптеген ойындары бар компьютерлер, видеолар мен телевизор бар болғандықтан, олар қоршаған ортаны осындай тәсілмен қабылдауға үйренген. Жаңа технологиялардың мүмкіндіктері оқушыларға оқу бағдарламаларын оқып тіл үйренуде де сәтті қолданылатынын түсіндіруге мүмкіндік беріп, шығармашылық белсенділікті дамытуға, пәнге деген қызығушылықты арттыруға, тыңдау мен сөйлеу дағдыларын үйренуге ең жақсы жағдайларды жасауға әсер етіп, нәтижесінде сапалы білім алуын қамтамасыз етеді. Бұл жұмыстың басты мақсаты компьютер желісін және мультимедиялық - электрондық құралдарды ағылшын тілі сабағында тиімді қолдану, нақтылап айтқанда ағылшын тілі сабағында презентацияларды және мультимедиялық - электрондық құралдарды мектеп қабырғасында және білім беру процесінде терең қолдану.

Ең тиімді программалардың бірі Microsoft Power Point. Ол мұғалімге қысқа мерзімде өзінің үлкен дидактикалық материалдармен қамтамасыз етіп, компьютерлік білімін даярлауға көмектеседі. Және ол оқушылардың түрлі қабілеттерін ашады. Олар: есте сақтау, көру, есту, ойлау, эмоционалды, автоматты және т.б. Интербелсенді тақтамен презентацияны бірге қолдану оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ерекше арттырады. Ағылшын тілі сабағында компьютерді, мультимедиялық және электрондық оқулықтарды және интербелсенді тақтаны пайдаланғанда:

- сөйлеу ырғағын;
- диалог, монолог және рөлдік ойындарды;
- лексиканы оқып үйретеді;
- хат жазуға үйретеді;

- грамматикалық құрылымдарды түсіндіріп, оқушылардың есінде сақтауға көмектеседі. Көбіне ағылшын тілі пәнінде компьютерді жаңа сабақ түсіндіргенде, грамматикалық құрылымдарды өткенде және қорытынды сабақта қолданады. Интербелсенді тақтаға сөзі анық жазылған ағылшын тіліндегі видеороликтерді, аудио дискідегі өлеңдерді, электронды оқулықтарды компьютер арқылы енгізіп, тақырыбы бойынша сабақта қолданады. Бұл көрнекі құралдар тақырыпты ашуға, оқушыға жеткізуге көп көмегін тигізеді. Әрбір оқушы таңдалған тақырып бойынша жаттығулар мен тапсырмаларды орындап, тестілер шешіп, семантикалық карталар және сызбалармен жұмыс жасауға дағдыланады. Мазмұны қиындау бір үлкен тақырыптың бөліктерін өткенде қосымша бейнехабар және клиптер қажетті элемент болып табылады. Бейнеклиптер уақыт масштабын өзгертуге және көріністерді тез және жай түрде көрсетуге пайдалы. Интербелсенді тақтаны оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай әртүрлі тақырыпта материалдар енгізіп қоюға болады, кез-келген керек уақытта сол материалды ойланбай қолдануға болады. Ағылшын тілін үйрету барысында интербелсенді тақтаны тәжірибеде кеңінен қолдана отырып, төмендегідей қорытындыға келдім: оқушының тіл үйренуге қызығушылығын арттырады; қарым-қатынас дағдыларын дамытады; оқу процесін жекешелендіреді және ерекшелендіреді; оқушылардың ойлау қабілетін дамытады; оқып жатқан тілде мәліметтерді тыңдау арқылы сол тілде сөйлеушілермен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді; тақта арқылы сабақта әртүрлі тиімді әдістерді қолдануға мүмкіндіктер ашылады [3].

Интербелсенді тақта – топтағы оқушылардың барлығын оқытуға және оқытушы жаңа материалды өте қызықты және қарқынды етіп түсіндіруге көмектесетін, көзге көрінетін құнды құрал. Ол сызбаларды түсіндіруді жеңілдетіп, қиын мәселелерді шешуге көмектесе алады. Оқытушылар өздерінің жаңа ойларын, идеяларын әсерлі, тартымды етіп көрсету үшін осы тақтаны қолданса мақсаттарына жетеді. Бұл тақтада оқытушылармен жаңа материалдарды бірігіп талдауға мүмкіндігі зор. Зерттеулер көрсеткендей, түрлі ресурстарды, қызықтыруларды ұлғайта отырып қолданса, оқытушылар үшін де, оқушылар үшін де интербелсенді тақта сабақты қызықты ететіні анықталды. Интербелсенді тақтамен дұрыс жұмыс жасаса, оқушылардың білімдерін тексере де алады. Интербелсенді тақта топтағы барлық оқушылардың басты назарына айналады. Ал егер де керекті материалдардың барлығы алдын ала дайындалып, түсінуге оңай болса, сабақтың жақсы қарқынды өтуін қамтамасыз етеді. Интербелсенді тақтаның керемет мүмкіндіктері оқушыларды таң қалдырады, шабыттандырады. Көптеген мектептерде интербелсенді тақтаның мүмкіндіктерін білмегендіктен, тек слайд көрнекіліктер көрсетумен ғана шектеліп жүрген мұғалімдер бар. Алайда интербелсенді тақтаның қолдану мүмкіншіліктері өте көп. Мысалы, Active Board электрондық тақтасы: материалды қызу талқылауға ерекше бөліп көрсетуге, нақтылауға, қосымша ақпарат қосуға, электрондық маркер

арқылы түсін және сызықтың қалыңдығын өзгертуге; сөздер мен сөйлемдердің бір-бірімен байланысын көрсете отырып, тақырыпты немесе сөйлемді толықтай аударуға; flash–анимацияларды пайдаланып, өлеңдер мәтінін жаттауға, суреттермен слайдтар жасауға; ағылшын тілінде сөйлеушілердің дауысымен жазылған видео-роликтер көруге болады. Интербелсенді тақтамен жұмыс істеудің артықшылықтары: бағдарлама бойынша барлық топ оқушыларына қолайлы; сайттарды, басқа да құралдарды қолдана отырып, жаңа материалдарды түсіндіруге, меңгеруге қолайлы; берілген материалды әсерлі жеткізуге және оны топтағы оқушылары арасында талқылауға үлкен мүмкіндіктер туғызады. Электрондық оқулық таңдап алынған хабарды көшіруге мүмкіншілік туғызады. Электронды оқулықтың ең қажет мүмкіндігі аудио хабарлар. Электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер, видеокөріністер, дыбыс және музыка тыңдатып көрсетуге болады. Бұл, әрине оқытушының тақтаға жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді, әрі әсерлі [4].

Ағылшын тілі сабақтарында жаңа ақпараттық технологияның интербелсенді әдіс-тәсілдерін қолданудың мынадай тиімді жақтары бар: оқушының оқуға деген ынтасы артады; әр оқушының жеке қабілеті айқындалады; үлгерімі нашар оқушыға көңіл бөліп, оларға көмектесу мүмкіндігі туады; жақсы оқитын оқушының тереңірек білім алуына жағдай туады; әр оқушы өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады; оқушы өз білімін бағалай білуіне бағыттауға мүмкіндік береді. Білім берудегі интербелсенді әдісті қолданудың негізгі бағыттарының артықшылықтары:

1) Презентациялар, демонстрациялар, модельдеуді сабақтарда қолдану;

интербелсенді тақта – визуалды ресурс. Сабаққа қажетті кез-келген суреттер, сызбалар, кесте, диаграммаларды қолдануға мүмкіндік береді. Интернет желісіне қосылып ақпарат алуға, оқу материалын қозғалмалы күйге келтіру, абстрактілі ойлау мен түсінуді модельдеуге, объектілер арасында байланыс орнатуға болады.

2) Сабақ барысында оқушылардың белсенділігінің артуы. Интербелсенді тақтамен жаңа сабақ өткізу кезінде тиімді қолдануға болады. Әр пәннің өз ерекшелігімен қатар, өзіндік күрделілігі де болады. Сондықтан ұстаздың міндеті осы күрделікті дұрыс құрастырып, сабақтың әр сағатын тиімді өткізу. Жалпы интербелсенді тақтаны пайдалана отырып білімін жетілдіру барысында іскерлігін дамыту, тапсырмаларды орындау барысында теориялық білімдерін тиімді пайдалана білу. Ағылшын тілі сабағында оқушылардың ойларын кемелдендіру, тілдерін дамыту, сөз байлығын молайту, білім көлемін арттыру үшін «Тыныс белгісін қой» атты мәтінмен жұмыс жүргізуге болады. Тыныс белгісі қойылмаған 30-50 сөзден құралған мәтінді даярлап, сынып оқушыларына интербелсенді тақтаға енгізіп, өз дәптерлеріне тиісті тыныс белгілерін қойып көшіріп жазу тапсырмасы беріледі. Оқушылар тапсырманы орындап болған кезде, тақтаға мәтіннің тыныс белгілері қойылған дұрыс үлгісі тақта бетіне шығарылады, ал оқушылар бір-бірінің жұмыстарын ауысып тексеріп, қателерін аятады. Берілген мәтін төмендегідей: «The history of Thanksgiving day» Do you remember the first colonist in New England In 1620 they came to America and began a new life there it was a very hard life The Colonist started to farm the land the work was difficult and full of danger in New England the place where they lived there were many wild birds.

Қазіргі заманда шетел тілі пәнінің мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болуы емес, тарихтанымдық, педагогикалық –психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылық пен жұмыс істеп, оқу мен тәрбиеісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады [5]. Интербелсенді әдістер шетел тілін оқыту процесінде оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде – өздерінің кәсіби шеберлігінің қалыптасуына жол ашу керек. Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағында, оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологияларды ғана тиімді деп санауға болады. Интербелсенді әдістерді ағылшын тілі сабақтарында қолданудың негізгі мақсаттары: тілді үйренуге деген мотивацияларының артуы; тілдік компетенцияны дамыту, өзге тілдегі мәтіндерді түсіне білу, сондай-ақ ақпаратты байланысқан және дәйектелген күйінде бере білу; лингвистикалық білім көлемінің артуы; тілін үйреніп жатқан елдің әлеуметтік мәдени құрылымы туралы білімнің толығы; ағылшын тілін өз бетімен үйренуге даярлықпен қабілеттілікті дамыту. Интербелсенді әдістерді оқытуда қолдану әсіресе шет тіліне үйретуде ағылшын тілінен оқу материалдарын дайындау тәсілдерін өзгертті [6]. Жаңа технологиялар әдістемелік, дидактикалық,

педагогикалық және психологиялық принциптердің тұтас комплексін жүзеге асыруға көмектеседі, таным процесін қызықты және шығармашыл етеді, әрбір оқушы үшін жеке дара жұмыс қабілетін ескеруге мүмкіндік береді. Он практикада қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың жаңа түрін ашады, нәтижесінде жаңа білім алады, оқушылардың танымдық белсенділігі дамиды, білімді өз беттерінше толықтырады, ақпараттар ағымын да іздеу және бағдарлауға үйренеді. Интербелсенді әдістерді ағылшын тілі сабақтарында қолдану тәжірибесін талдай отырып, мынандай қорытынды жасауға болады: оқыту сапасы артады, тұлғаның үйлесімді дамуын қамтамасыз етеді, ақпараттық кеңістікте адаспайтын, ақпарат мәдениетін жетік білетін тұлға болып қалыптасуына көмектеседі. Біз бейбіт елде, мемлекеттік білімді жетілдіруге аса мән берген, үш тілді қатар меңгеруге талпыныс жасаған елде тұрамыз. Жалпы білім берудің мақсаты – терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, үш тілді еркін меңгеріп, өзін-өзі дамытуға адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдерді қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру, яғни жеке тұлғаны қалыптастыруға негізделген, ақпаратты технологияны терең меңгерген, жылдам өзгеріп жататын бүгінгі заманға лайықты, жаңашыл тұлғаны қалыптастыру. Болашақта шетел тілін оқытуда интербелсенді әдістерді пайдалану келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол [7].

Қорыта келгенде, ағылшын тілі сабағында компьютер және т.б. жаңа ақпараттық құралдарды пайдалану заман талабы. Жаңа замандағы - Жаңа Қазақстанымыздың дамып келе жатқан қадамында оқу процесіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізілуі де, келешекте компьютер заманы болатынына көз жеткізеді. Ақпараттық-коммуникативтік технологияны оқу тәрбие үрдісіндегі қолдану оқушының өз мамандығына қызығушылығын арттырып, шығармашылық шабытын шыңдап, ғылыми көзқарасын қалыптастырып, мамандық сапасын арттырып, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда үлесі мол.

1 Қазақстан Республикасының Президентінің 2011 жыл 29 қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауы.

2 Г. Н. Губайдуллина. «Педагогиканы оқыту әдістемесі». - Алматы, 2011.

3 Г. Исаева. Шет тілі сабағында инновациялық технологияларды қолданудың кейбір ерекшеліктері. «Жаңа тұрпатты мұғалім дайындаудың өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми конференцияның материалдары. Мектептегі шет тілі, 2011. - №3.

4 С.Т.Мұхамбетжанова. Ж.Ә. Жартынова. Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасау. Әдістемелік құрал. - Алматы, 2008.

5 М. Максұтқанова. Интерактивті тақта. Оқыту-тәрбиелеу технологиясы, 2010.

6 Г.Ә.Мусаева. Ақпараттық технологияны оқушылардың ағылшын тіліне деген қызығушылығын арттыру құралы ретінде қолдану. Мектептегі технология, 2010. - №5

7 С.Шолпанбай. Білім беру жүйесінде жаңа технологияларды пайдалану заман талабы. Мектептегі шет тілі, 2010. - №3.

Резюме

В данной статье рассматриваются формы и различных интерактивных методов обучения. А также анализируется самостоятельная творческая работа школьников.

Resume

This article is devoted to interactive forms and methods of online learning, which apply in the classroom. Also, analysed independent creative work of students.

МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖӘНЕ АУДАРМА МЕЖКУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ И ПЕРЕВОД INTERCULTURAL COMMUNICATION AND TRANSLATION

УДК 81' 27

ОСНОВНЫЕ КОММУНИКАТИВНЫЕ КОМПЕТЕНЦИИ В ДЕЛОВОМ ОБЩЕНИИ

Ибрагимова К.К. - ст. преп., КазНПУ им.Абая, г. Алматы, Казахстан,
kulzagii@gmail.com

Деловое общение - сложный многоплановый процесс развития контактов между людьми в служебной сфере. В статье кратко рассматриваются правила и речевые ситуации делового общения и этикета, установления контакта с аудиторией; содержание речи и роль самого говорящего.

Ключевые слова: деловое общение, культура речи, служебный этикет, регламентированность, установление деловых контактов, коммуникация.

Благо, когда человеку есть что сказать, и он может это выразить,
Благо, когда человеку нечего сказать, и он молчит,
Благо, когда человек, слушая, побуждает другого к беседе,
Размышляет и даёт возможность высказаться другому.

(Петер А. Циглер, правила культурного общения)

Деловое общение в эпоху глобализации проникает во все сферы общественной жизни: административно-правовую и экономико-правовую, дипломатическую и в сферу коммерческих отношений. В деловые отношения вступают предприятия всех форм организации и собственности, а также частные лица. В современных экономических и социальных условиях мы связываем лингвистическую компетентность в сфере делового общения с успехом или неуспехом в любом деле: науке и образовании, международных деловых контактах, искусстве, производстве, торговле. Для руководителей всех уровней, организаторов производства, работников посольств и консульств, преподавателей, референтов, менеджеров и предпринимателей коммуникативная компетентность представляет важный компонент их профессионального облика. Умение успешно вести деловые переговоры, грамотно составить текст документа, применить правила перевода языковой информации с одного типа речи на другой—все это важнейшие составляющие профессиональной культуры делового человека.

Экономисты придерживаются мнения, что культура речи является экономической категорией. Предприимчивые, преуспевающие деловые люди, как, например, президент крупнейшего в мире автогиганта - компаний "Форд" и "Крайслер" Ли Якокка, считает, что «... единственный способ настраивать людей на энергичную деятельность - это умение общаться с ними».[2, 68 с.]

Навыки и умения выступать, изъясняться, докладывать, парировать, комментировать, резюмировать, перефразировать - все виды речевой деятельности, которые занимают очень важное место в ежедневном профессионально-деловом общении.

Специфической особенностью делового общения является его *регламентированность*, т.е. подчиненность установленным правилам и ограничениям. Эти правила определяются не только типом и формой делового общения, степенью официальности, конкретными целями и задачами, но и национально-культурными традициями, общественными нормами поведения.

Деловое общение, в зависимости от различных признаков, подразделяется на:

- 1) *устное – письменное* (форма речи);
- 2) *диалогическое – монологическое* (одно направленность или двунаправленность речи между говорящим и слушающим);
- 3) *межличностное – публичное* (количество участников);
- 4) *непосредственное – опосредованное* (отсутствие/наличие опосредующего лица);
- 5) *контактное – дистантное* (положение коммуницирующих в пространстве).

Перечисленные выше факторы делового общения формируют характерные особенности деловой речи.

Формы устной и письменной деловой речи лингвисты относят к системно различающимся разновидностям русского литературного языка. Если деловая письменная речь представляет официально-деловой стиль речи, то устная деловая речь – это различные формы смешанных стилевых высказываний или выражений.

Известно, что *монологическая речь*, чаще всего, – публичная речь, и в большей степени тяготеет к книжной речи. *Диалогическая же речь*, являясь по преимуществу разговорной, устанавливает и поддерживает межличностное общение, что отражается на структуре текста и синтаксических особенностях речи. *Дистантное*, всегда *опосредованное* общение (разговор по телефону или по скайпу, сообщения по почте, факсовое отправление и т.п.) отличается от *контактного*, непосредственного общения повышенным вниманием к интонации речи говорящего, краткостью и регламентированностью.

Рамки делового общения сегодня расширяются. В практику делового общения все активнее входит подготовленная, но нечитаемая монологическая речь (презентационная, торжественная речь, вступительное слово на мероприятиях, конференциях), поздравительные письма и другие этикетные тексты. Владение перечисленными типами делового общения входит в профессиональную компетенцию современного делового человека или специалиста. Деловое общение не может быть эффективным без владения нормами этикета. Но сначала нам следует дать точное определение, что есть этикет. *Этикет (etiquette, франц.)* – совокупность правил поведения, касающихся внешнего проявления отношения к людям (обхождение с окружающими, формы обращения и приветствий, поведение в общественных местах, манеры и одежда). Этикет и речь тесно взаимосвязаны, и заметно проявляются в повседневном общении: в наших манерах и стиле речи, в выражениях разрешения или запрета чего-либо и в чём-либо, в выборе языковых средств, которые ярко характеризуют принадлежность коммуникантов к той или иной социальной среде.

В каждом обществе этикет постепенно развивался в систему правил и норм поведения, которые в целом составляют морально-нравственные нормы общества. Принятый порядок и форма обхождения на службе называется *деловым этикетом*. Его основная *функция* – формирование правил, способствующих взаимопониманию людей. Как правило, соблюдение делового этикета способствует созданию позитивной атмосферы в коллективе: сокращает конфликты, улучшает морально-психологический климат, что в свою очередь ведёт к повышению трудовой и творческой активности, а также качеству принимаемых решений.

Следующей функцией следует *функция удобства*, т. е. целесообразность и практичность. Всеми известны "писанные" и "неписанные" нормы поведения в той или иной ситуации официального контакта. Следует отметить, что современный служебный этикет имеет интернациональные признаки. Правила, регулирующие деловой этикет, можно распределить на две группы: нормы, между равными по статусу членами одного коллектива (горизонтальные) и наставления, между руководителем и подчиненным, определяющие характер отношений (вертикальные). Приветливое и предупредительное отношение ко всем коллегам по работе, независимо от личных симпатий и антипатий, считается общим требованием.

Регламентированность деловых контактов выражается также в речи. Нормы языкового поведения в обществе, т.е. соблюдение речевого этикета и языка делового общения являются обязательными. Используемые нами готовые устойчивые "формулы", с учетом социальных, психологических и возрастных характеристик, позволяют соблюдать этикетные ситуации приветствия, благодарности, просьбы, разрешения и т. д. (например, *позвольте спросить, будьте добры, разрешите поблагодарить, рады знакомству с Вами*). Особенностью делового стиля также считается преимущественное употребление простых распространенных предложений, которые, как правило, содержат причастные и деепричастные обороты, вводные слова и обороты, уточняющие обстоятельства, приложения, дополнения. «В деловых письмах с употреблением сложных предложений следует помнить, что придаточное предложение ставится перед главным, если по смыслу оно относится ко всему предложению в целом. В сложноподчиненных предложениях со значением причины и следствия вместо союза «потому что» в деловых текстах следует употреблять союзы «так как», «ввиду того, что», «в силу того, что», «вследствие того, что». Придаточные предложения рекомендуется по возможности заменять синонимичными причастными и деепричастными оборотами» [4].

Если исходить из научно-практической точки зрения коммуникации, то установлено, что качество делового общения опирается на основные составляющие, как *мысль, чёткость (внятность), грамотность и корректность*. Для эффективного делового общения и скорейшего достижения цели можно руководствоваться следующими правилами коммуникации.

С целью налаживания качественного общения/контакта с аудиторией говорящему следует определить и учитывать четыре поля задач:

- ЧТО я должен сказать.

ولكن دراسات أخرى أظهرت إمكانية وجود آثار مفيدة ودائمة للتعليم . فعلى سبيل المثال , أدى استخدام مادة تعليمية مصممة بعناية لتعليم التمييز بين زمنين من أزمنة الفعل في اللغة الفرنسية إلى نتائج واضحة في الدقة . ولم تكن هذه النتائج لحظية بعد التعليم فقط وإنما استمر أثرها لثلاثة أشهر تالية . وفي الواقع , لقد أخذت قدرة المتعلم على استعمال صيغ الفعل بشكل صحيح في التحسن . ويوجد دليل واضح على أنه يمكن اكتساب بعض التراكيب اللغوية إلى الأبد عن طريق التعليم .

ويبرز سؤال حول سبب حدوث هذا مع بعض التراكيب دون غيرها . من بين الاحتمالات التي تعلل هذا أن يكون الأمر كله معتمداً على طبيعة التعليم , ومن الاحتمالات أيضاً أن يكون معتمداً على طبيعة التركيب الهدف . فعلى سبيل المثال , عندما يكون للتعليم أثر في النظام , فإن

¹³ - Manfred Pienemann

¹⁴ - Teachability hypothesis

هذا الأثر يدوم طويلا. أما إذا كان تأثيره مقصورا على تعليم بند معين فإن هذا الأثر يكون أثرا وقتيا. وهناك احتمال ثالث وهو أن آثار التعليم طويلة المدى لا تظهر إلا إن سنحت للمتعلمين فرصة استخدام التراكيب وسماعها في تعاملاتهم. وقد يفسر هذا ظهور الآثار الدائمة للتعليم لدى متعلمي أزمنة الفعل وصيغ الاستفهام في اللغة الفرنسية التي تستخدم بكثرة، وعدم ظهور أثرها لدى متعلمي الظرف الذي قليلا ما يستخدم. وعلى الرغم من كل هذا فإننا لا نملك إجابة شافية عن هذا السؤال المهم.

لقد ناقشنا حتى الآن هل الطلاب يتعلمون ما يتم تدريسه لهم أم لا، مع اعترافنا باستحالة تعليم كل قواعد لغة ما للطلاب لكونها أكثر من أن تحصى. ولكن ماذا إن كان تعليم أحد التراكيب يؤدي إلى اكتساب تركيب أو أكثر من التراكيب الأخرى؟ لا شك أن هذا احتمال قائم مع تسليمنا بتداخل كثير من القواعد النحوية وارتباط بعضها ببعض. ففي ضوء تسلسل اكتساب جملة الصلة – على سبيل المثال – نلاحظ أن وجود وظيفة نحوية ذات طبيعة خاصة لضمير صلة، يستتبع وجود وظائف أخرى ذات طبيعة خاصة بدرجة أقل لضمائر صلة أخرى. وكما رأينا سابقا فإن هذا يصدق على اللغات المرحلية. ولذا فإنه إن اكتشف المتعلمون أن اللغة التي يتعلمونها تسمح بوظيفة ذات طبيعة خاصة معينة، فإنهم قد يستطيعون تعميم هذه الوظيفة إلى غيرها من الوظائف غير ذات هذه الطبيعة الخاصة. وقد جاءت نتائج الدراسات التي أجريت على هذا الاحتمال مثيرة للاهتمام. فقد أثبتت بعض الدراسات أن تعليم الطلاب وظيفة ذات طبيعة خاصة مثل المفعول غير المباشر يؤدي إلى اكتسابهم غيرها من الوظائف غير ذات طبيعة خاصة مثل وظيفتي الفاعل والمفعول المباشر. وعموما، فلم يتضح بعد هل هذه الآثار دائمة أو هل يمكن تطبيقها على تراكيب نحوية أخرى أم لا.

وفي النهاية، فإننا بحاجة إلى أن نحدد تحديدا دقيقا ماذا نعني بكلمة "اكتساب" عندما نتحدث عن آثار التعليم. إن هذه قضية مهمة، وإن أهم أمرين يمكن أن يحكم من خلالهما على نجاح التعليم هما : تأثيره في قدرة المتعلم على توظيف التراكيب توظيفا واعيا، وتأثيره في قدرته على استخدام هذه التراكيب بسهولة ويسر في التواصل الحر مع الآخرين. وهناك الآن دليل واضح على أن آثار التعليم الذي يركز على الشكل ليست مقصورة على الاستخدام الجيد بعناية، بل تتضح أيضا في التواصل الحر مع الآخرين.

Аннотация. Эта статья посвящена изучению влияния индивидуальных различий на приобретение второго языка. Многие исследователи утвердили, что социальные факторы в контексте обучения имеют заметные влияния на успех учащихся второго языка, а также на развитие международного языкового процесса. Эта статья показывает, как индивидуальные различия в стратегии обучения влияют на процесс изучения второго языка. Исследование также обследовали предыдущие работы о взаимосвязи между языком способностей и второй языковой компетенцией, с одной стороны, и языка способностей и процесса развития международного языкового процесса. Он также обратился к вопросу: есть ли связь между фонологической способностью кодирования, обработки языкового материала, грамматическая чувствительность и индуктивная возможность изучения языка? Это дало особое внимание мотивации с различными видами, ее влияния на отношения и эмоциональные области, что повышает усилия студента учить второй иностранный язык. Стратегии обучения представляет собой основной элемент в этой статье. Когнитивные стратегии включают в себя анализ, реконструкции, или реформировании учебного материала. В то время как когнитивные стратегии включают организацию, мониторинг и оценку процесса обучения. Социальные и эмоциональные стратегии были в значительном внимании в этой статье.

Ключевые слова. Индивидуальные различия, изучение второго языка, приобретение языка, языковая способность, эмоциональные факторы, способность, мотивация, дискриминация голосов, лингвистический чувствительность, обучение

- 1 Carroll, John B. Fundamental consideration in testing for English language proficiency of foreign students. Washington. DC: Centre for Applied Linguistics. 1961.
- 2 Acton, William. Second language and perception of differences in attitudes . University of Michigan. 1979.
- 3 Bialystok, Ellen. A theoretical model of second language learning. Language ;earning 1978.28: 69-83.
- 4 Bloom, Lois (Editors). Readings in language development. New York: John Wiley & Sons. 1978.
- 5 Manfred Pieneman: "On determining developmental stages in natural second language acquisition " in Studies in Second Language Acquisition 3. pages 109-135, 1981.
- 6 Peters, Ann M. 1981. Language learning strategies: Does the whole equal the sum of the parts? In Diller 1981.
- 7 Wenden, Anita L. Learning Strategies. TESOL Newsletter 19: 1-7. 1985.

ГРАММАТИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯ ТҮРЛЕРІ

Жангирева А.Б. - аға оқытушы Абай атындағы ҚазҰПУ Көптілді білім беру институты

Грамматика - сөйлем ішіндегі сөздердің түрленуі мен сөздердің бірлестік қызметі, тіркесі туралы анықтама – ережелердің жиынтығы туралы ілім. Грамматика саласын тану үшін оған енетін бірліктерді – ұғымдарды түсініп білу қажет. Грамматикалық ұғымды жеткізетін бірліктер - грамматикалық мағына, грамматикалық көрсеткіш немесе тұлға, грамматикалық категория. Сөздердің білдіретін ұғымдық мағынасы – ішкі мазмұны, сол мазмұн – мағынаны білдіретін белгілі бір дыбыстар жиынтығы сөздің сыртқы кешенді жамылғышы болады. Тіл ғылымында сөздің ішкі мазмұны мен сыртқы жамылғышының байланысы дәстүрлі тарихи байланыс деп түсіндіріледі.

Тірек сөздер: грамматикалық категория, белгі, явление, амал, түсінік, қарастырады, мазмұны, тілдік белгі, концепт, мәдени қарым-қатынас, аударма.

Грамматикалық категорияларды жек-дара қарастырмай, коммуникация мен когнция талаптарын ескере отырып, тілді когнитивтік жүйе ретінде тұтас қарастыру қажеттігі байқалады. Осы тұрғыдан негіздеуге тіл мен адам өзара байланыста қарастырылып, адамның грамматикалық категорияларды танушы және атаушы субъект ретіндегі және концептуалдаушы, коммуникативті интенциясына байланысты коммуникация әрекетіне енгізуші, тілді тұтынушы тұлға ретіндегі қызметіне ерекше назар аударылып отыр. Грамматикалық категорияның ең басты белгісі мағынасы мен тұлғасының бірлігі болып табылады. Тіл үшін оның сипаты, қызметін ашып анықтайтын ғылыми тілдік бірліктерден де ең маңыздысы-қоғамдық қызметі; әсіресе ой-пікір алмасудағы, түсінісудегі қоғамдық қызметті атқаратын сөздік тұлға мен сөйлемнің жүйелік мәні. Тіл ойлаумен, саралаумен, таныммен байланысты болып, ал ойлау, таным нәтижесі сөзге, сөйлем құрылысына қатысты боғандықтан, адамның танымы, танымдық қызметі, әрекеті және танымдық көрінісі қайтадан кері сол сөздік тұлғамен, сөзбен, сөйлеммен белгіленеді, бейнеленеді. Адамзаттық өмірде сөз, сөйлем осы қызметімен ақиқатты.

Белгілі бір грамматикалық категория кемінде екі түрлі формада көрінуі қажет. Мұнсыз бірде-бір грамматикалық категорияның болуы мүмкін емес. Мысалы, бір ғана септіктің формасы немесе бір ғана грамматикалық жақтың формасы өздігінен септік категориясын да, жақ категориясын да құрай алмаған болар еді. Белгілі бір тілдегі септік категориясы туралы сөз ету үшін, ол тілде, мысалы, ілік септігінен басқа барыс, шығыс септіктері және т.б. септіктердің болуы шарт. Сонда ғана септік дербес грамматикалық категория болып таныла алады. Грамматикалық категория біртектес грамматикалық мағыналарды білдіретін грамматикалық категория мен грамматикалық формалардың жиынтығынан құралады. Ал «біртектес грамматикалық мағыналар» дегеннен әр басқа емес, өзара шарттас, ыңғайлас, бір сипаттағы грамматикалық мағыналар түсініледі. Мысалы, грамматикалық шақ категориясы оы шақ, өткен шақ, келер шақ түрінде көрінгенімен, шақтың аталған түрлерінің мағыналары әртектес, әр сипаттағы мағыналар емес, біртектес мағыналар, әйтеуір шақтық мағыналар. Біртектес, бір сипаттағы шақтық мағыналар әр түрлі грамматикалық формалармен беріліп, жалпы грамматикалық шақ категориясы ретінде ұғынылады. Демек, дара грамматикалық мағынаны білдіретін бір ғана форма немесе әр сипаттағы грамматикалық мағыналарды білдіретін формалар емес, біртектес, өзара ыңғайлас грамматикалық мағыналарды білдіретін грамматикалық формалардың жиынтығы грамматикалық категория деп танылады. Грамматикалық жақ категориясы туралы тіл ғылымында сөз бен сөйлем түрленімін, құрылысын грамматика ілімі нақты қарастырады. Грамматика - сөз бен сөйлемнің нақты, деректі мағынасынан тыс, құрылымдық, құрылыстық жүйесін зерттейтін ғылым. Ол тілдің құрылыстық, дерексіз мағыналық маңызды сипатын ашады. Адамның ойлауы, ой мен ойлаудың дерексіз түрдегі қызметі тілдің грамматикалық құрылысында шешіліп, айқындалады. Қай тілде болсын тілдің грамматикалық құрылысы өмір бойы да сөздік қормен, құраммен қатар жүріп, тілдің негізін жасайды. Сондықтан грамматика мен лексика өзара бірі-бірімен тығыз байланысты. Сөздік құрамды толықтыратын жаңа сөздер тілдегі бар бұрынғы тілдік бірліктер арқылы жасалса, сөздердің жасалуы тілдегі грамматикалық заңдылықпен жүзеге асатыны белгілі. Грамматиканың басты ерекшелік сипаты дерексіз жалпы сөздердің түрленуі туралы, сөйлемнің құрылымы туралы анықтама, ережелерді белгіленуінен көрінеді. Ол нақтылық пен деректілік емес, дерексіздендіру қызметі мен тілдік құбылысты танытып, ерекшелендіреді.

Грамматика – сөйлем ішіндегі сөздердің түрленуі мен сөздердің бірлестік қызметі, тіркесі туралы анықтама-ережелердің жиынтығы туралы ілім. Грамматика саласын тану үшін оған енетін бірліктерді – ұғымдарды - түсініп білу қажет. Грамматикалық ұғымды жеткізетін бірліктер - грамматикалық мағына, грамматикалық көрсеткіш немесе тұлға, грамматикалық категория. Сөздердің білдіретін ұғымдық мағынасы – ішкі мазмұны, сол мазмұн – мағынаны білдіретін белгілі бір дыбыстар жиынтығы сөздің сыртқы кешенді жамылғышы болады. Тіл ғылымында сөздің ішкі мазмұны мен сыртқы жамылғышының байланысы дәстүрлі тарихи байланыс деп түсіндіріледі. Сөздің ішкі мазмұн – мағынасы лексикалық мағына, ал жалпы дерексіз мағынасы (қимылдық, сындық, заттық, т.б.) грамматикалық мағына болып табылады. Сөздердің грамматикалық мағынасы белгілі бір қатынаста, құрылыста ғана көрінді. Грамматикалық мағынаны көрсететін, білдіретін тұлғалары болады, олар грамматикалық көрсеткіш немесе грамматикалық тұлғалар деп аталады. Грамматикалық мағына мен грамматикалық көрсеткіш тұлға бір-бірімен тығыз байланысты, екеуінің парадигмалық, жүйелік бірлігімен грамматикалық категория құралады. Грамматикалық мағына бірнеше грамматикалық көрсеткішпен де, бір грамматикалық көрсеткішпен де берілуі мүмкін немесе бір грамматикалық көрсеткіш бірнеше грамматикалық мағынаны бере алады. Тіпті грамматикалық мағына арнайы грамматикалық көрсетішсіз де беріледі, танылады, яғни белгілі бір тұлғаның, көрсеткіштің жоқтығы да - грамматикалық белгі, сол жоқ белгінің өзі қандай да бір грамматикалық мағынаны жеткізеді. Ешбір тұлғасыз грамматикалық мағынаны жеткізетін белгі – тұлғаны нөлдік тұлға деп атайды. Бұл мәселе – өз алдына жеке тақырып.

Грамматикалық категория түрлері. Сонымен грамматикалық категория грамматикалық мағына мен грамматикалық көрсеткіштің жүйелік кестелі бірлігінен шығады. Алайда бір грамматикалық мағына немесе бір ғана грамматикалық көрсеткіш грамматикалық категория құрай алмайды және бір ғана грамматикалық көрсеткіштің бірнеше грамматикалық мағынаны білдіруі категория ұғымын толық түсіндіре алмайды.

Грамматикалық категория болу үшін өз ішінде бір-біріне қарама-қайшы болатын немесе бола алатын (аз дегенде екеу) бірнеше грамматикалық мағынаның және сол мағыналарды жеткізетін грамматикалық көрсеткіштің жиынтығы мен ол екеуінің жүйелік бірлігі болуы тиіс. Осындай бірлік арқылы, яғни грамматикалық мағынаның әрбірін білдіретін арнайы грамматикалық көрсеткіштердің түрлендіру жүйесіндегі қарама-қайшылығының жиынтығы арқылы грамматикалық категорияның ФУНКЦИОНАЛДЫҚ қызмет-мәні ашылады. Мәселен, тілдегі көптік жалғау жалаң өзі көптік категориясын жасай алмайды. Морфологиялық қырынан қарағанда, көптік жалғау-қосымша бөлшек сөзге жалғануда ғана көптік ұғымын білдіреді, бірақ ол – көптік ұғымын жеткізе алатын бір ғана көрсеткіш тұлға, жалаң өзі мағыналық топ жасай алайды. Ол үшін дәл сол сияқты мағынаны, яғни мөлшерлік, сандық, аз-көптік ұғымды жеткізетін, бірақ тұлғасы оған қарама-қайшы тағы да басқа көрсеткіш түрі, сол түрлердің жиынтығы керек, сандық, аздық-көптік ұғымы мен оларды нақтылайтын көрсеткіштердің сол ұғыммен бірлігі көптік категориясын құрайды. Ал көптік жалғау, сан есім, мөлшерлік ұғымды білдіретін көмекші сөздер (септік шылау: шақты, жуық, шамалы, тарта, т.б.), семантикалық сандық ұғымдағы немесе модаль сөздер (аз, көп, жалғыз, т.б.) сияқты грамматикалық бірліктер мен олардың білдіретін көптік грамматикалық мағынасы бірлікте болып, көптік категориясының негізін жасайды. Кейбір тілде көптік категориясын сан категориясы деп атайды (қырғыз, орыс). Қазақ тілінде бұлай сөзбе сөз аудару (дүниетаным жағынан) түсінікті болғанмен, тілдік таным тұрғысынан мазмұнын аударуға сай келмейді. Өйткені көптік ұғымды білдіріп тұрған көрсеткіш сандық мөлшерді дәл айтып бере алмайтыны бар.

Өмірдегі, тілдегі сөз арқылы танылатын табиғи құбылыстың бірі – меншіктілік (тәуелділік) қатынас. Мұндай қатынас бүкіл әлем, қоғамда бар, тек ол әр түрлі ыңғайда көрінеді. Тіл білімінде бұл қатынас тәуелдік категориясымен жүзеге асады. Бірақ жалпы тілде ол түрлі тәсілмен, жолмен беріледі. Үнді-еуропа елдерінде аналитикалық тәсілмен жасалады. Мәселен, орыс тілінде тәуелдік категориясы тәуелдеу есімдігі және онымен тек («род») жағынан баланысқа түсетін зат есімнің тіркесі арқылы көрінеді. Мұдай тіркестегі байланыс орыс тілінде қиысу болып табылады да, солай аталады. Сондай-ақ орыс тілінде тәуелдеу есімдігі тұрса, тәуелділік мағына сақталады, ал жоқ болса, ол ұғым жойылады (моя книга лежит на столе – Книга лежит на столе). Ал қазақ тілінде тәуелдік категориясын Ілік септігіндегі **жіктеу есімдігі** (немесе басқа сөз) мен 3 жақтың бірінде, жекеше не көпше түрде байланысқан тәуелдік жалғауы **Зат есімнің тіркес қатары** (не басқа заттанған сөз) құрайды. Және қазақ тіліндегі мұндай байланыс түрі матасу болады. Қазақ тіліндегі тағы бір ерекшелік тәуелдеу есімдігі (менің, сенің, ...) айтылмаса да, тәуелділік (меншіктілік) грамматикалық

мағына тәуелдік жалғау арқылы сақталып, беріліп отырады, жойылмайды. Грамматикалық категорияны тілдік деңгейге байланысты шартты түрде Грамматикалық категория түрлерге бөлуге болады: морфологиялық, синтаксистік, лексика-грамматикалық, таза грамматикалық категориялар.

1. Морфологиялық категория сөз таптарына және оның ішкі тобына, түрлену жүйесіне қатысты. Бұл категория белгілі сөз табының грамматикалық ерекшелігін, түрлену жүйесін сипаттайды. Зат есім категориясы өзіне қатысты көптік, тәуелдік, септік, жіктік категориясымен танылады; сын есім категориясы шырай категориясымен, етістік категориясы шақ, рай, болымды-болымсыз, етіс, т.б. категориясымен ашылып ерекшеленеді. Сөйтіп, морфологиялық (грамматикалық) категорияны сөз таптары құрайды да, оларды тағы да басқаша үлкен **лексика-грамматикалық категория** деп атауға болады. Немесе әрбір сөз табы жеке лексика-грамматикалық категория болса, барлық сөз табының жиыны **морфологиялық категория** деп таныла алады.

2. Таза грамматикалық категория морфологиялық категориядан туындайды. Морфологиялық категорияға енетін сөздердің түрлену жүйесі, мағыналық сипаты біркелкі емес. Морфологиялық категориядағы грамматикалық көрсеткіштердің бірі лексикалық-грамматикалық жағынан танылса, енді бірі тек таза грамматикалық мағына жағынан қызмет етеді. Таза грамматикалық мағынаны білдіретін грамматикалық көрсеткіштердің сол мағынамен бірлік көрінісін, байланысын таза грамматикалық категория деп атайды. Бұл категорияға зат есімдегі көптік, тәуелдік, септік, жіктік, етістіктің шақ, рай, жақ (жіктік) категориясы жатады. Таза грамматикалық категория сөздің мазмұндық, лексикалық мағынасына өзгеріс енгізбейді, тек үстеме таза грамматикалық мағына қосады.

Кіші лексика-грамматикалық категория. Тілде тағы бір грамматикалық көрсеткіштер лексикалық-грамматикалық мағына үстеу арқылы қызмет жасайды. Олар таза грамматикалық категорияға жатпайды, өйткені олар сөзге қосымша реңктік мән үстейді, сөздің лексикалық-мағынасын грамматикалық жағынан ғана емес, мазмұн жағынан өзгертеді. Бұларға заттық реңктік жұрнақтар, сын есімнің шырай категориясы, етіс (салт-сабақтылық), болымды-болымсыз етістік категориялары енеді. Бұл сияқты категорияларды **кіші лексика-грамматикалық категория** деп атаймыз.

Аннотация: В статье рассматривается о грамматической особенности грамматических категории. Грамматика-как наука является разделом языкознания, который изучает грамматический строй языка, закономерности построения правильных осмысленных речевых отрезков. Эти закономерности грамматика формулирует в виде общих грамматических правил. Чтобы познать отрасль грамматики надо знать и понять единицы и определения которые входят туда. Единицы доводящие смысл понятия грамматики – грамматический смысл, грамматический показатель, грамматическая категория. Слова которые выражают смысл содержания - это внутреннее содержание. Внутреннее содержание - это сумма одного звука, которая выражает смысл или содержание слова и является комплексным покрытием слова. Лингвисты содержание слова и комплексное покрытие слова связывают язык традиционной исторической связью

Ключевые слова: грамматическая категория, признак, явление, способ, понятие, рассматривает, содержание, языковой знак, концепт, межкультурная коммуникация, перевод.

Abstract: Grammar - are words in suggestion to spruce up and words activity of association, about combination a certificate - about some of rules studies. Industry of grammar unities, concepts, at that enters to know for to him, understanding necessary to know. Unities, delivers that grammatical clear - grammatical sense, grammatical index or widow, grammatical category. Words sense concept, that expresses, is maintenance of fur coat, that maintenance - well-known sum one the sound, that expresses sense, external complex bedspread word. Table of contents fur coat of word in science of language and traditional historical connection explain external connection of bedspread - talk.

Key words: grammatical category, a sign, a phenomenon that way, the concept has been evaluating the content, language sign, concept, intercultural communication, translation.

1 Қазақ грамматикасы. – Астана 2002. - 784б.

2 Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы. 2007. – 390 б.

3 Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы, 1998.

ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЯ CULTURAL LINGUISTICS

ӘОЖ 811.512.122:811.111'373

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ-ТАҢБАЛАНҒАН ЛЕКСИКАСЫ ТАБИҒАТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аяпова Т.Т. – ф.ғ.д., профессор Абай атындағы ҚазҰПУ
Кондубаева А.С. – магистр.аға оқытушы Абай атындағы ҚазҰПУ

Ұсынылып отырған мақала қазақ және ағылшын тілдерінің лингвомәдени-таңбаланған лексикасындағы тұрмыстық лексика арқылы сол халықтардың санасының, әдет-ғұрпының, өмір сүру және әлемді тану, қабылдау деңгейлерін зерттеуге болатындығын көрсетеді. Осы аталмыш лексиканың сол халықтардың танымын, күнделікті өмірін және әдет-ғұрпын көрсетуде бірден-бір құнды тілдік бірліктер екенін дәлелдейді. Бұл ғылыми жұмыста екі халықты салғастыру-салыстыру мақсатында емес, қазақ тіліндегі тілдік бірліктер, яғни лингвомәдени-таңбаланған лексикасын зерттеп, қазақ халқының сол ақпараттардың санасында қалыптасқанын дәлелдей отырып, сол халық әлемінің тілдік бейнесін лингвомәдениеттану бағыты арқылы ашуға тырыстық.

Кілт сөздер: лингвомәдени таңбаланған лексика, ұлттық ойлау, лингвомәдени талдау, номинация, деривация, әлемнің тілдік бейнесі.

Тілдік номинация мәселесіне арналған арнайы жинақта Колшанский Г.В. оған былай деп анықтама береді: «...закрепление за языковым знаком понятия - сигнификата, отражающего определенные признаки денотата - свойство, качество и отношения, благодаря чему языковые единицы образуют содержательные элементы вербальной коммуникаций» [1].

Бірақ қандай да болмасын, заттың атауы оны тек атап қана қоймай, сонымен бірге оны танытады. Ал, тану ия анықтау белгілі бір халықтың тарихи даму жағдайы аясында іске асатындықтан, ол тілдік ұжым өмір сүретін нақты жағдайларға байланысты әр түрлі болады. Әртүрлі ұжым бір затты өзінің күнделікті тәжірибесінде кездесіп қолданылатын жағынан танып, оны өзіне таныс құбылыстармен байланыстыратыны белгілі. Яғни, ат қоюда (номинацияда) өмір шындығы мен тұрмыс болмысы тіл фактілеріне айналып, халықтың тұрмыс-тіршілігі, тәжірибесі, салт-дәстүрі, наным-сенімі әртүрлі заттар түрінде тілде сөзбен аталып бейнеленеді. Заттың негізгі белгі-қасиетін анықтау номинация теориясында ең негізгі қағидасы болып табылады. Сондықтан атау мен зат арасындағы тілдік емес себептерді жан-жақты зерттемей тұрып, атаулардың шығу себепін анықтау мүмкін емес. Осыған байланысты тіл білімінде тілдік бірліктердің тууының жалпы заңдылықтарының ойлау, тіл және шындықпен қарым-қатынасын, ондағы сөйлеушінің рөлін зерттейтін саласын номинациядеп атайды. Е.Кубрякова, Н.Д.Арутюнова, Г.В.Колшанский, Ю.С.Степанов, В.Г.Гак тағы басқа еңбектерінде қарастырылатын номинация теориясы - тіл білімінің маңызды саласының бірі [2-4].

Атау қызметі үш бөліктен тұратын қатынаспен сипатталады: реалий - ұғым - атау. Әртүрлі нақты тілдік ортада ол үш бөлік, жоғарыда атап көрсеткеніміздей, әр түрлі белгілерге ие болады.

Тіл білімінде атаудың (номинацияның) екі дәрежесі көрсетіледі:

- 1) бірінші дәрежелі немесе алғашқы атау (первичная номинация).
- 2) екінші дәрежелі немесе кейінгі атау (вторичная номинация). Онда сөздің семантикалық дамуы нәтижесінде өзін тудырған түбірмен мағыналық байланысы үзіледі, яғни, «жаңа атаулар үшін тілде бұрыннан бар атауыштық құралдарды пайдалану».
- 3) Жаңа атаулардың пайда болуы, жалпы тілдік қордың баюы сөзжасам жүйесімен байланысты. Осы маңызды мәселеге арналған «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографияда сөзжасам тәсілдері жан-жақты зерттеліп, жалпы теориялық мәселелері көрсетілген. Олар: 1) синтетикалық (морфологиялық); 2) аналитикалық; 3) лексика-семантикалық тәсілдер.

Аталған еңбек - қазақ тіл білімінің тарихында тіліміздің сөзжасам туралы, оны жеке сала деп қараған тұңғыш зерттеу. Бұған дейін ол тек қана қазақ тілінде ғана емес, жалпы түркітануда морфология көлемінде әр сөз табына қатысты қарастырылып келді. Монография авторлары: «Сөзжасам жеке сала ретінде танылмай, жеке сөз таптарының құрамында қаралып жүргенде, сөзжасамның жалпы теориялық мәселелеріне жеткілікті көңіл бөлінбей келді. Соның нәтижесінде

сөзжасамның жалпы теориялық мәселелері зерттелмей, барлық назар жеке сөз таптарының жасалымының төңірегінде болды. Бұл сөзжасамның жеке проблемаларының зерттеліп, жалпы теориялық проблемаларының артта қалуына әкелді», - деп көрсетеді. Шынында да, ол ең алдымен жаңа сөз жасау, жаңа ұғымдарды атаумен байланысты, яғни лексикалық құрамның баюында негізгі қызметті атқарып, жеке бір сөз табының аумағына сыймай, лексиканың жалпы теориясымен, номинация қағидаттарымен астасып жатады.

Тіл мен ойлаудың сабақтастығын іске асырудың негізгі тетігі адам қоғамындағы әртүрлі ақпаратты берудің вербалды қызметімен байланысты. Ал, оны тілдің жүйелі, құрылымдық негізінде, релятивті заңдылықтар арқылы толық түсіндіре алмаймыз. Себебі тілдік субстанцияның екіжақты (мазмұн мен форма) сипаттағы ерекшелігі оның танымдық қызметімен байланысты. Өз кезегінде таным динамикасы тілдің деривациялық сипаттағы коммуникативтік мәнін айқындайды да, семантика проблемасын алға шығарады. Бұл құбылыстың түркі тілдерінің лексикасының бетінде жатқан ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ғана көрсететін тілдік жүйенің қалыптасқан статикалық күйі олардың коммуникативті-прагматикалық тұрғыдан сипатталатын парадигмалық мәнділігін көрсете алмайды. Ол үшін лексикалық жүйені динамикалық күйде-қолданыста қарастыру қажет. Осы талапқа жауап беретін, тұрмыстық лексиканың танымға сүйенген коммуникативтік қызметінің көрініс беретін аясы - лексиканың тарихи даму барысындағы тарихи-семантикалық деривациясы.

Тіл біліміндегі бір тілдік бірлік негізінде екінші бір тілдік бірлік жасалуын, яғни екінші немесе туынды таңбаның жасалуын білдіретін, көбінесе сөзжасамдық жүйемен сабақтасып жататын «деривация» ұғымы - күрделі де өзекті мәселелердің бірі.

Дегенмен, оның қалыптасу мен қолданыс шегін жіктеп, айқындау мәселесі қазақ тіл білімінде де қарастырылуда (Сағындықұлы Б., Қажыбеков Е., Салқынбай А., Жалмаханов Ш, Құрманалиева Л. тағы басқа).

Бұл мәселенің зерттелуіндегі бетбұрыс «сөз мағынасында болатын семалық өзгерістің реңкі оның қызметімен тікелей қатысты» деп қараған Е.Курилович еңбектерімен байланысты. Оның зерттеулерінде компоненттік талдау негізінде мағынаның көмескіленуі, кеңеюі, тарылуы тағы басқа өзгерістерді сипаттайтын белгілі бір мағыналық белгілердің жіктелуінің, түрлі транспозицияның нәтижелері анықталады[7].

Манкеева өз еңбегінде мәдени лексиканың сөзжасамдық модельдерін ұсынады:

Осы еңбектерде негізделген сөзжасамның морфологиялық тәсілдері қазақ тіліндегі мәдениет лексикасына қатысты көптеген атауларға да морфологиялық уәж ретінде қызмет еткенін жинақталған тілдік деректерді сөз тудырушы модельдер негізінде талдай отырып, сол мақсатта жинақталған материал бойынша кейбір сөз тудырушы модельдерді көрсетіп дәлелдеуге болады.

-а, -е: саба, шара, таға, дағыра, шана, ере тағы басқа;

-ақ, -ек: тымақ, жібек, желек, мәйек, қайрақ, аяқ, пышақ, шырақ, құрақ, көнек, табақ, елек тағы басқа;

-ан, -ен: берен, айран, жүген, кісен, бақан, қазан, жусан, пішен, шапан, тебен, таған тағы басқа;

-ау, -еу: қоңырау, білеу, сабау, жалау, көсеу, жасау тағы басқа;

-ма, -ме // -ба, -бе: қаптама, саптама, сүзбе, сұлама, арба, жарма, көрпе, қыңқима, қақтама, шалма, күйме, сүрме, түйме, қапсырма, шекіме тағы басқа;

-ға, -ге // -қа, -ке: қамқа, торқа, сырға, алқа, ботқа, қауға, сірге, кереге, ұшыға тағы басқа;

-ғақ, -гек // -қақ, -кек: жарғақ, жаңғақ, кескек, жөргек тағы басқа;

-ғы, -ге // -қы, -кі: тебінгі, сыдырғы, шалғы, сүлгі, талқы тағы басқа;

-пақ, -пек // -мақ, -мек // -бақ, -бек: тапқақ, башмақ, қаймақ, шарбақ, сырмақ, шақпақ, пұшпақ, оймақ, қалпақ тағы басқа,

-да, -де: жейде, күрте, шынта, бұйда тағы басқа;

-дақ, -дек // -лақ, -лек: бөрдек, сырдақ, көйлек, келдек, жантақ, балдақ, шартақ тағы басқа;

-дық, -дік // -лық, -лік: жаулық, белдік, терлік, туырлық, түңлік тағы басқа;

-ы, -і: шайы//шәйі, құлпы, күпі, шолпы, үкі, күбі, құты, келі т.б;

-ық, -ік: ішік, бөрік, ұйық, шарық, етік, жүзік, қатық, құрық, сырық, қазық, қайық, асық, үтік, көрік, қасық, түтік, құдық, үзік тағы басқа;

-ыс, -іс // -ыш, -іш: қайыс, қылыш, талыс, шеміш, кебіс, керіш тағы басқа;

-аш, -еш: бақыраш, көмеш, кепеш, тегеш тағы басқа;

-ша, -ше: шақша, бөкша, алаша, ақша тағы басқа;

-шық, -шік: көпшік, балшық, ұршық, шөншік тағы басқа;

-шы, -ші: жамшы, қамшы, қайшы тағы басқа;
-қан, -кен: арқан, талқан, құйысқан, жуырқан тағы басқа;
-қыш, -кіш // -ғыш, -гіш: қысқыш, тұтқыш, қырғыш тағы басқа;
-дық, -дік // -лық, -лік: ауыздық, мұрындық, бұғалықтағы басқа;
-т: сауыт, киіт, құрт, жент, қант тағы басқа[5].

Сөз тудырушы үлгі (модель) арқылы анықталатын атаулардың морфологиялық уәжі сонымен бірге лексиканың қалыптасуы, сөздің құрамының тарихи қалыптасуы, түбір мәселесі тәрізді мәселелермен сабақтасады. Ол туралы академик Ә.Т.Қайдаров: «Таким образом структурный анализ производных основ ири разных словообразовательных моделях является, по нашему мнению одним из эффективных приемов выявления, вычленения и определения функционирующих в каждом языке консервированных, мертвых корней. Оставлять без внимания эти разряды односложных корней-основ равносильно отказу от полного представления о наиболее древнем пласте базисной лексики, с которым, пожалуй, в большей степени связаны все прошлое исторического развития корневой лексики тюркских языков» [8] - деп, атап көрсетеді.

Тұрмыста қолданылатын колөнер туындылары - тарихи мәдени категория. Оның кейбір дәстүрлі түрлері мәдениеттің терең қабаттарын құрайды. Оның әр қабатында, түрінде қоғамның әлеуметтік-тарихи, материалдық-экономикалық дамудың таңбалары қалып отырады. Ғасырлар бойы халық екшеуінен өтіп келе жатқан колөнер туындылары қашанда сап алтын күйін жоймайды. Бірақ халықтың ұлттық ерекшелігі мен дәстүріне, тұрмыстық, болмысын бойына сіңіре отырып дамыған ұлттық мәдениеттің алтын қазынасы, халық санасы оянуының айнасы болған халықтық колөнердің туындылары қазіргі заманда өзінің жүйелі даму сипатынан айрылып, көптеген түрлері жойылып, ұсақталып, кейбіреулері өзінің құнды қасиеттерінен қол үзіп, қазіргі заманның талап-тілегіне ыңғайлы күйге түскен. Көбі тек атаулары арқылы ғана ана тілімізде сақталған. Сондықтан олардың тілдік сипатын зерттеу тәлімдік, тарихи-танымдық қасиетін ашады.

Демек, күнделікті тұрмыста қолданылатын колөнер туындыларының тілдік қабатын анықтау, оның атауларының жасалу жолдарын, мазмұнын ашу колөнер мәдениеті арқылы өрілген ұлттық болмысты тануға және танытуға байланысты тағы басқа маңыздылығы дау туғызбайды. Ол атаулардың табиғаты мен мәнінің ерекшелігі тарих, этнография, этнология, мәдениеттану, этнопсихология, әлеуметтану тағы басқа пәндерімен сабақтас жүргізілетін кешенді зерттеуді, нақтырақ айтқанда, тек қана лингвомәдени тәсілді қажет етеді.

Көбі қолданыстан шығып, ұмыт болған, тек қана анықтамасы шағын этнографиялық очерктерді, түсініктемелерді қажет етеді. Оның нақты үлгісін этнограф С.Қасимановтың еңбегінен көреміз: Оқ-дәрі салғыш құты шақша.«Түйенің мүйіз табанынан жасалған оқ-дәрі салғыш құты шақша да өте әдемі шығады. Оның әбден кепкендегі түрі көк ала мәрмәр сияқты жылтырап тұрады.Оның иықты торсық немесе қошқар мүйіз, айбалта іспеттес етіп қалыпқа қатырады. Қайнатып, тазалап алған мүйіз табан көк мөлдір жұмсақ пластинкаға ұксап тұрады. Осыдан кейін оны қайшымен оюлап қияды да, шет-шетін әдемі мықтармен шегелеп немесе жуан тарамыспен беттестіріп тігеді. Тігіп болған соң оның ішіне түйгіштеп құм кептеп, күнге қойып қатырады. Әбден кеуіп қатып болған соң құтының аузын жезден не күмістен шегелейді. Оның тығынын да әсемдеп мүйізден істейді. Осындай сәнді құтылар кіселі белдіктің салпыншақтарында жүрген» .

Жанторсық – жолаушының, малшының, аңшының қанжығада жүретін кішкене торсығы. Оны жарты айға ұқсатып, аузын тығындайтын етіп көннен қатырып істейді;

Көнек – иленбеген жас теріні шелек тәріздендіріп тігіп алып, ішіне құм кептеп қатырған бие сауатын тері шелек;

Саба – кептірілген шикі теріні әдемі құрымға салып, құм кептеп қатырып, содан кейін ысқа салып төрт бойдан құрастырылған тері ыдыс;

Түбек – жас баланың бесігіне байлап қоятын өрнектеп тіккен киіз қалта;

Аяққап – ыдыс-аяқ салатын киізден жасалған әшекейлі дорба, уықтың, керегенің аяғына кигізіп жинайтын киіз қап;

Асадал – ішіне тамақ, ыдыс-аяқ қоятын биік кебеже. Ол бірнеше бөлмелі, суырылмалы, ашпалы боладытағы басқа.

Көріп отырғанымыздай, бұл түсініктеме-анықтамаларда ол бұйымдардың жасалу технологиясына, қандай мақсатта қолданылатыны тағы басқа негізгі назар аударылады. Сонымен бірге ол бұйымдар қандай материалдан істелетініне, неліктен сол материалдан істелетініне де көңіл бөлінеді. Мысалы: «Мүйіз ожау – аққудың мойнындай иілген сары мүйіз сәнді ожаумен немесе ыс сіңіп, сарғыш тартқан

мүйіз ожаумен үйенкі тегенеден қымыз сапырғанда оны ерекше дәмдендіріп тұрғандай сезінесің. Мүйіз ожау күнге қызбайды, сондықтан ол сары қымызға салқын леп береді және арқар мүйізіне өңез жабыспайды, шыбын қонақтамайды».

Осы мақсатта С.Қасимановтың кітабында жасалатын материалдары бойынша заттар былайша топтастырылады: *мүйізден жасалатын, мүйізбен әшекейленетін заттар* – асадал, бал қасық, бал сауыт, жүкайқ, кебеже, келі, қобдиша, құты, ожау, оқтау, піснек, пышак, сап, табак, тегене, шақша, шай сауыт, шөміш (122-б); *сүйектен жасалатын және сүйектен әшекейленетін заттар* – кебеже, асадал, астау, бұрғы сап, келсап, қант шаққыш, қымыз ожау, ожау, табак, тегене, үскі сап, шам қойғыш, шанышқы (119-б); *былғарыдан жасалатын заттар* – абдыра, әмиян, есік қап, домбыра қан, кебеже қан, қоржыш, құты, талыс (107-б); *мал терілерінен жасалатын басты-басты бұйымдар, үй-іші жабдықтары* – тұлып қап, талыс, сапсалғы, қоржын, дорба, қап, шанап (94-б); *жүннен, киізден, жіптен өндірілетін басты бұйымдар* – аяққап, дорба, елек, кебежеқап, қанар, қанжыға, қоржын, қылшан, қынап, қын (84-б); *таспадан өрілген бұйымдар* – су ақпайтын торсық, көнек, кеукер, аяққап, шамадан қоржын, мес, сабақап, шынықап (95-б).

Сол сияқты осы атаулардың этнографиялық мазмұнымен сабақтастырын түсіндіретін анықтамаларды қазақтың белгілі этнограф-ғалымы Х.Арғынбаев еңбектерінен де оқимыз. Мысалы: «**күрде** – асау биені сауарда мойын жіпке артқы аяғының бірін тісегінен іліп қоятын арқан. Күрде жіптің ұзындығы үш метрдей болады. Ол ылғи желі басында сақталады». Осы анықтамаға қарап күрде атауын күрме (етістік және күрме жіп тіркесінің құрамындағы есім) сөзімен бір түбірлес деп қарауға болады. «**Кескек** – бұйда есебінде түйенің мұрындық бүлдіргісіне екі құлаштай таяқты, яғни кескекті байлап, түйеге мінген кісіге ұстатады» тағы сол сияқты.

Осы еңбектермен жіті таныса келе және өзіміздің жинаған тілдік деректерді талдап саралай келе, біз оларды мынадай лексика-семантикалық топтарға бөліп қарастыруды жөн көрдік:

а) *үй тұрмысына қажетті жабдықтар, бұйымдардың атаулары:*

Шыпта – шыбықтан, шиден, шіліктен, қамыстан тоқылған бұйым. Көптеген зат атауларының негізіне жасалатын материал арқау болатынын ескерсек, **шыпта** мен шыбық арасындағы байланысты жоққа шығаруға болмайды.

Шырақ – атауының иегізі **шыр** (май) түбірі екені белгілі.

Алаша > **ала+ша**: *Кілемге бергісіз алаша бар, Ханға бергісіз қараша бар* (Мақал). Бұл атауға уәж болған «ала» сөзі (түсті білдіретін) болу керек.

Шымшуыр – жаққан оттың шаласын, шоғын, көмірін алатын сабы ұзын темір құрал.

Шығыр: 1. Терең сай табанынан дөң басындағы егістікке су шығару үшін жасалған, көлік күшімен айналдырылатын үлкен шеңберлі су жүретін науасы бар қарапайым құрал; 2. Құдықтан су тартып шығару үшін құдық аузына орнатылып, қолмен бұрлатын, қарапайым жүк көтергіш ағаш құрал.

Қауға – теріден тігілген немесе ағаштан құдықтан су алу үшін істелген ыдыс. Ол үшін кептірілген (қаудырлаған) тері қолданылады. Қауға сөзін қауаң, қауашаң, қауыз, қуыс тағы басқа сөздермен салыстыруға болады.

Бокша//боқжама – киіз дорба (боғ//бу + ша: кір бокша(диал.)).

Оймақ – іс тіккенде қолға ине кірмес үшін сұқ қолдың не ортан қолдың басына киетін жезден, темірден, былғарыдан жасалған құрал. Э.Севортян бұл атаудың түбірін Лигетидің еңбегінде көрсетілген **ой**= «тігу» деген етістік деп анықтайды [ЭСТЯ, 4356.].

ә) *еңбек құралдарының атаулары:*

Бұзау тіс – ірі қылып өрген қамшының бір түрі. Оны бұзау терісінен жалпақ етіп тігіп, содан өреді (Кеңесбаев І., 127). Ал, бұзау тіс – бұзау тісіне ұқсату.

Құр – киіз үйдің керегелері мен уықтарын және уықтың ішкі жағын байлайтын ені 2-3 елідей, тоқып немесе есіп жасаған жалпақтау бау.

Шідер – аттың алдыңғы екі аяғымен, артқы бір аяғын қосып тұсайтын тұсамыс. Шідерді көбіне жылқы қылынан ескен.

Құрық – жылқы ұстау үшін ұшына ілмек жіп бекітілген ұзын сырық.

Кәтеп – нардың өркешін сақтайтын, жүк тарту үшін ағаштан жасалған қом. «*Кәтепті қара нар...*» (кәт – ағаш кереует (диал.)).

Ұршық – шүйкеленген жүннен жіп иіріп алуға арналған аспап.

Біз – жұмсақтау нәрсені тесу үшін жіңішке қатты темір істіктен жасаған сабы бар сайман.

Қандауыр – денеден қан алуға арналған үшкір кішкене пышак.

Шәңгек – малды іліп соятын аспа ілмек ағаш.

Шарық – қайрақ, шар (диал.);

Шаппа – қалтаға салып жүруге ыңғайлы бүктеме пышақ.

Шапқы – қатты затты кесу үшін асыл темірден жасалған кескіш.

Шапашот – ілмек ағашқа сапталған ағаш шабатын, жүзі өткір құрал, шот;

Қарықтық – қаны көтеріліп, басы жиі ауыратын адамдардың басынан қан алу үшін қолданылатын құрал.

Шалма – қашаған жылқыны ұстайтын тұзақ арқан.

Шалғы – ұзын ағашқа сапталған, жүзі өткір шөп шабатын ауыл шаруашылық құралы.

Шабала – піскен етті, қуырдақты қазаннан сүзіп алатын кепсер.

Талқы – теріні керіп-созып, уқалай, жұмсартатын ағаш құрал (қара: талқан, талыс – киіз басысу).

Келсап – келігс салынған нәрсені түйгіштеп уататын аспап, келінің сабы, түйгіші.

Сірге – енесін емдірмеу үшін тана, торпақ, тайыншаның тұмсығын тесіп, өткізіп қоятын істік ағаш. Оны **сірі** (аяқ киімнің **сірісі** – ол қалың, берік теріден жасалады); жаны **сірі**; **сіреу** – қатып қалған қар, **сіресу** – мұз болып қату, тоназу; **сіреспе** – ауру тағы басқа сөздермен бір топта қарауға болады.

Сырық – қазақ үйдің киізін жөндеуге, түндікті көтеріп ашуға арналған жуанырақ ұзын ағаш. Сырық > сыр+ық, сыр+ый, сыр+ғауыл тағы басқа

Ұрғы – астық бастыратын ертедегі құрал.

Ұстара – шаш алатын, сақал-мұрт қыратын өткір пышақ.

Сыдырғы – пышақты ортасына кигізіп алып таспа тілетін ағаш қалып.

Піспек – саба, торсық, күбіні пісетін ағаш жабдық [152,234б.].

Былғауыш – басына домалақтап шүберек ораған ағаш, тары қуырғанда сонымен бұлғайды [152,214б.].

Тез – киіз үй сүйегін: уық, кереге тағы басқа жасайтын ағаштарды шорлағаннан кейін түзейтін, иетін құрал, орақ.

Қалып – аяқ киімнің формасын келтіріп тігуге етікшіге керекті құрал.

Қалаң, қайшы, қайла, біз, кетпен, тоқпақ тағы басқа

б) ыдыс-аяқ атаулары:

Қазан; шөміш – ас құятын үлкен ожау (сом – сүңгу, сомса – ожау) [ЕТС, 155б.].

Шөншік – иленген бұзау терісінен жасалған, ұсақ-түйек салатын шағындау ыдыс.

Шанақ – өңделген теріден істелген, сусын тұратын үлкен ыдыс, бірақ М.Қашқари сөздігінде: *санақ* – 1. ағаштан ойын істелген кішкене көлемді ыдыс; 2. аяқ;

Шақша – сиыр, серке, тауешкілерінің мүйіздерінен жасалған, насыбай салатын құты (**шақ** (диал.) – бұтақ, мақтаның бұтағы, мүйіз).

Шартабақ – тамақ салатын үлкен табақ.

Шара – ағаштан жасалған үлкен ыдыс аяқ.

Талыс – жылқының бас терісінен жасалған, оны-мұны салып қоятын ыдыс.

Күбі – іркіт құятын үлкен ағаш шелек.

Бөрдек – қымыз ашытатын торсық (**борт+ек**).

Керсен – ағаштан дөңгелектеп істелген үлкен тегене (**кер+сен**).

Көнек – ірі қара малдың бас не мойын терісінен жасалған, бие саууға не құдықтан су алуға арналған шүмегі бар ыдыс. (**коп** – иленген тері + **ек**).

Мес – сұйық тамақ кюю үшін бітеу сойылған ешкі терісінен жасалған ыдыс.

Саба – жүнін қырып, ысқа салып, жылқы терісінен жасалған негізінен қымыз ашытатын ыдыс (**саб+а; sau + а**).

Саптыаяқ – ағаштан шауып жасаған ыдыс аяқ.

Тегене – ағаштан оймышталып, әшекейленіп, күмістеліп жасалып, қымыз құюға арналған ыдыс. Салыстырыңыз: **тегене** > **тегеш**, **тегершік** (диал.); **Tegira** – айнала, **tegirma** – дөңгелек, **tegirman** – диірмен, **tegrak** – шеңбер, сакина [ЕТС]. Яғни, бұлардың бәріне ортақ мән – «дөңгелек». Демек, бұл ыдыстың атауының негізіне оның формасы алынған.

Құмыра – құмнан жасалған ыдыс.

Дағара – аузын дөңгелектеп, бүйірін шығара тіккен үлкен қап; үлкен шұңғыл ағаш табақ. Қазіргі қазақ тілінде – **дағарадай** деген тұлғада тіркес құрамында кездеседі. Түркі тілдерінде бірақ **дағар//тағар// taja //дағараның** қолданылу аясы кең екенін көрінеді [ЭСТЯ, 120-121бб.]: сүзбе жасау

үшін айран құятын ыдыс (тува т.); астық салу үшін қолданылатын ыдыс (Вроск); әртүрлі зат салынып, аттың екі жағынан салбырап тұратын қап [БСл]. Сонымен бірге кішкене көлемді түрлері де көрсетілген: темекі салатын кішкене дорба(кисет) – азерб.диал.; күл мен көң салынатын қап – түрік. диал.; малшы, бақташының дорбасы тағы сол сияқты; **Дағара** сөзінің төркіні туралы бірауызды пікір жоқ (Будагов – парсы, Дерфер – иран, Рясянен – монғол тағы басқа).

Тайқазан – ірі қара мал еті сыйып кетерліктей үлкен қазан.

Шынықап – көшкенде, қонғанда сынбас үшін шыныларды қаптап салып қоятын, шыбықтан тоқылған, киізден, былғарыдан тігілген кесеқап.

Құты – сауыт. Мүйізден, түйеің табанынан, былғарыдан тіккен қалта, кішкентай қобдиша. Біздіңше, бұл атау құй етістігімен байланысты.

Таба – нан тағы басқа тамақ пісіру үшін металдан жасалған дөңгелек ыдыс. ҚТТС-де ол иран тілінен енген деп көрсетілген. Біздіңше, ол қазіргі тілімізде қолданылатын «ыстықтың табы, жылуы» деген мағынасымен сабақтас. Нақтырақ айтқанда, ол ыдыста пісірілетін тамақтың пісірілу технологиясына қатысты. Сонымен қатар ол түрік тілінде, азербайжан тілінде (диал.) ол өте берік құрыш темірдің, тырманың да атауы. Олай болса, ол табаның жасалған материалымен де байланысты болуы мүмкін.

в) *киіз үйдің ұралдарының атаулары:*

Сықырлауық – киіз үйдің ши есігінің ішкі жағынан жабылатын, оюлап жасалған, жарма ағаш есік. Мұндай атаулар В.Радлов сөздігінде берілген: **үзік** – киіз үйді жабатын киіз; **үлдірік/ілдірік** – киіз үйде киім ілу үшін қойылатын бақан; **уық** – төбені құрайтын таяқ, ағаш; **кереге** – киіз үйдің қабырғасын құрайтын ағаш.

Сарнак – киіз үй сүйегіне (уық, кереге, шаңырақ) сызық салатын, әр жерінде 3-4 тісі бар қырғы темір.

Желбау – дауылды жел болғанда ұшып кетпес үшін шаңырақты тартып байлайтын бау.

Басқұр – керегелердің бастарын тартып үйді айналдыра байлайтын өрнектелген жалпақ бау.

Туырлық, күлдіреуіш тағы басқа.

Кез келген тілдің лексикасы белгілі бір қарым-қатынастар мен байланыстардағы тақырыптық және семантикалық топтардың негізінде тілдің құрылымдық жүйесін құрайды.

Лексиканы зерттеудің кең тараған әдісі сөздердің тақырыптық жағынан талдау әдісі теориялық тұрғыдан Ф.П.Филиннің, Д.Н.Шмелевтің, А.А.Уфимцеваның тағы басқа еңбектерінде негізделген.

Осы кезге дейінгі зерттеулерде, этнограф ғалымдардың еңбектерінде қалыптасқан топтастыруды ескере отырып және жинақталған нақты тілдік деректер негізінде қазақ тіліндегі киім атауларын мынадай үлкен екі топқа бөліп қарастыруға болады:

I. Дәстүрлі, ұлттық, тарихи киім.

II. Қазіргі күнделікті киім.

Негізгі киім түрлерінің бұл екі тобы да әрі қарай мынадай лексика-семантикалық топтарға бөлінеді:

1. *Сырт киім: ішік, шидем, шекиен, шапан, тон, күпі, қаптама*

тағы басқа;

2. *Үстінен киетін киім: бешпент, қамзол, койлек, шалбар,*

ақсырма тағы басқа;

3. *Иш киім: дамбал, жейде, іш көйлек тағы басқа*

4. *Бас киім: салы//шәлі, орамал, қарқара, кимешек, күләпара, желек, жаулық, бөрік, айыр қалпақ, шаршы, тымақ, тақия, сәукеле, сәлде тағы басқа.*

5. *Әскери киім: құяқ, қаттау, кебенек, жарғақ шалбар, жалаңқат, аймауыт тағы басқа*

6. *Аяқ киім: саптама, мәсі, кебіс, етік, байпақ, шарың тағы басқа*

Киім атауларын сөз еткенде сол киімнің құрамдас, қосымша

бөліктерін сөз етпей, олардың атауларын ескермеу мүмкін емес. Олардың өзі тілімізде жеке топ құрайды:

7. *Киімнің құрамдас қосымша бөліктері: белбеу, белдік, білезік, жиек, жүзік, кісе, моншаң, сақина, сырға, түйме, шашбау, шолпы, үкі тағы басқа.*

Немесе сол киімдерге ерекше сән беріп, ұлттық бояу мен талғамын көрсетуге көмектесіп тұрған қосымша нақыштар, ою-өрнектер, зергерлік бұйымдардың атаулары да тілімізде жеке топ құрайды:

8. *Киімге тағылатын әшекей бұйымдар: алтын шоқ; жібек шоқ; маржан тас, оқа, күміс, гауһар, меруерт, зер, бадана тағы басқа.*

Қазақтың сәнді де сан қырлы киімдерінің материалдары да алуан түрлі. Сондықтан тіліміздегі көптеген киім атаулары соған сай қалыптасқанын байқауға болады:

9. *Киім тігілетін материалдардың түрлері*: шыт, шұға, камқа, батсайы, барқыт, бөз, дүрия, елтірі, жақыт, жібек, жүн, қыжым, құндыз, құлын жарғақ, күдері, киіз, кәмшат, мақпал, масаты, мауыты, түлкі, шибарңыт, тайтері тағы басқа.

Осы материал атаулары мен киімнің бір түрінің атауының тіркесуі арқылы көптеген киім аттары пайда болған. Мысалы: **құндыз бөрік, түлкі тымақ, киіз қалпақ, дүрия көйлек, шыт орамал** тағы басқа[9, 216.].

Қазақ халқының заттық та, рухани да мәдениетінің оның киімінде және оның атаулары ретінде тілде көрініс табуы оларды әрі қарай жыныстық, жастық, мезгілдік, әлеуметтік, жергілікті-аймақтық, ру-тайпалық тағы басқа ерекшеліктеріне қарай да топтап талдауға негіз береді. Сонымен қатар, әдейі тойда немесе әртүрлі ұлттық мереке-мейрамдарда киетін, немесе күнделікті өмірде, ия әртүрлі кәсіпке және айналысатын іс-мақсатына сай киімдерді де көрсетуге болады.

Сондай ақ қазақ тіліндегі тілдік материалда ыдыс аяқ атауларына қатысты теңеулер көптеп кездеседі. Мысалы: *шарадай, тостағандай, керсендей, көнектей тағы басқа және торсықша, ожауша, табақша* сияқты атауларында кездесетін компаративтік көрсеткіш тілдің өзіндік ерекшелігін білдіретін тілдік бірлік екендігі ақиқат. Осы мысалдарда халық аталған заттардың сыртқы формасына қарай, әр түрлі жағдаяттардағы құбылысқа, көрініске деген өз әсерін білдіріп отырған: шақшадай бас, көзі тостағандай, керсендей болып отыр немесе белгілі бір зат көлемінің салыстырмалы түрдегі кішірек түріне байланысты *торсық-торсықша, ожау-ожауша, табақ-табақша* деп жаңа атаулар қолданылған.

Мұндай сөзжасам тәсілі заттың сыртқы формасына қарап қолданылатын бейнелеуіштік, көлемін сипаттаушы атаулар жасайды. Келтірілген мысалдарда қосымшалар арқылы компаративтік ұғымның берілуіне дәлел бола алады. Бұл ерекшелік жалпы түркі тілдеріне тән болғандықтан оны ағылшын тілінде кездестірмедік.

Алғашқы номинацияның атауын беру үрдісі сирек кездесетін құбылыс. Көп жағдайда жаңа атау қолданыстағы бар тілдің негізінде екі немесе оданда көп қоршаған болмыстағы объектілердің арасындағы ассоциациялық байланыс орнатуға негізделетін екінші номинацияның атауын беру процесінде беріледі. Жаңадан жасалған сөздің ішкі пішіні лексикалық мағынасымен байланысты болып келеді. Мысалы: ағылшын тіліндегі *sleeper* («to sleep» – ұйықтау) – баланың пижамасы. Жаңа атауды жасау ағылшынтілінде 2 тәсілмен жүзеге асады: грамматикалық (аффиксация) және семантикалық (мағына ауыспалылығы). Бұл тілдерде киім атаулары екінші номинация арқылы аталатыны ұқсас белгілерінің бірі.

Қазақ тілінде: қол- қолғап, бел – белбеу, бел-белдемше, Кеудеше – кеудеге киетін сырма, жұқа жеңіл киім. **Тізеқап** – суықта, аязды күндері киетін ауы, ышқыры жоқ екі балақ. Ағылшын тілінде етістікпен уәжелген лингвомәдени бірлік бір іс әрекетті орындауға арналған ((*suspend* (көтермелеу) – *suspenders* (таптна)), (*sweat*(мерлеу) – *sweater* (свитер) (спорттық тоқыма жылы киім). Қазақ тілінде: орау – орамал;

Сын есіммен уәжелген лингвомәдени бірлік сипаттау мағынасын білдіреді (*tight* (қатты керілген;) – *tights* (колготки)). Шұлықдамбал.

Ағылшын тілінде күрделі лингвокультуремалар жиі кездеседі: (**great** (үлкен) + **coat** (пальто) – **greatcoat** (шинель)), (**windbreaker** (ветровка) – **wind** (жел) + **break** (бұзу), **bodyshaper** (грация) – **body** (дене) + **shape** (пішінге келтіру), **chinwiper** (слонявчик) – **chin** (иек) + **wipe** (сүрту). Қазақ тілінде: аяқ киім, бас киім, шұлықдамбал деген мысалдарды келтіруге болады.

Ағылшын тілінде еркін тіркесетін атаулар да кездеседі, мысалы: лингвокультурема **button-through dress** (түймелі көйлек) – көйлек бойы үймелер деп аударылады. Орыс тілінде бұндай тәсіл кездеспейді.

1. «Пішін» атау принципі

mushroom(от«mushroom» – саңырауқұлақ) –әйелдер киетін кеі шляпа;

2. «Әлеуметтік, ұлттық, кәсіби атау принципі

cardinal (от «cardinal» – кардинал) – кардинал киетін пальтоға ұқсайды;

3. «Орын» атау принципі

opera hat (от «opera» – опера) – цилиндр;

4. «қасиеті» атау принципі

soaker (от «soak» – сіңірі) – балаларға арналған су өткізбейтін дамбал;

5. Принцип номинации «мақсат» атау принципі *sleeper* (от «to sleep» – ұйықтау) – балаларға арналған пижама-комбинезон;

6. «кию тәсілі» атау принципі

pullover (от «pull» – тарту + «over» – арқылы) – пуловер;

7. «қолданылған материал» атау принципі

bearskin (от «bearskin» – аю терісі) – ағылшын гвардейіцтердің бас киімі;

8. «адам дене мүшелері атаулары атау принципі

leggings (от «leg» – аяқ) – гамаш.

Қазақ киімі құлазыған кең даланың үскірік аязы мен аптап ыстығының, салқын самалы мен аңызак желінің әсерімен қалыптасқан бар өмірі көлік үстінде өткен Сарыарқа мен оған іргелес жатқан ұлан-ғайыр кеңістікте көшіп-қонған малшы қауымның, таңның атысынан күннің батысына дейін тізе бүкпей «жер шұқылап», мал ұстап күн кешкен Сыр бойындағы, Қазақстанның оңтүстігі мен Талас-Шу атырабындағы жартылай отырықшы және отырықшы елдің ғасырлар бойы реттеуге көне қоймаған тұйық шаруашылығы мен қарабайыр тіршілігі қалыптастырған заттық-тұрмыстық мәдениеттің бірден-бір көрінісі болғандықтан, өзінің қарапайымдылығымен, үйлесімділігімен, жүріп-тұруға ыңғайлылығымен ерекше. Қазақ халқының ұлттық киімдерінде тұрғындардың геогр., ру-тайпалық ерекшеліктері де көрінеді және ол көбіне бас киім мен шапаннан байқалады. Мысалы, 8 сай уақ тымақ, 3 құлақты керей тымақ; қаракесек, адай бөрік, арғын тымақ, қыпшақ тымақ, сырмалаған 6 сай найман тымақ, 4 сай жатаған тобықты тымағы болған. Аймақ ерекшелігіне қарай Жетісу, Арқа, қоңырат үлгісіндегі тымақтар деген атауларға бөлінеді. Қазақтың ұлттық киімдерін жас пен жыныс ерекшелігіне қарай: сәби, бала кездегі киімдер, жігіт, қыз, боз бала дәуірінің киімдері, орта жас, егде кезеңдегі киімдері деген сияқты түрлерге жіктеуге болатындай. Осыған орай қазақ тіліндегі киім атаулары «әлеуметтік статусты» білдіреді деп айтуға болады.

Сегодня, когда внешняя политика Республики Казахстан в сфере науки и образования направлена на интеграцию в мировое образовательное пространство, полиязычие становится важнейшей политической и экономической категорией. В связи с этим, под руководством ректора, академика Серика Пралиева в КазНПУ им.Абая в 2013 году был открыт «Институт филологии и полиязычного образования» по подготовке полиязычных специалистов, в котором французский язык прочно занял место второго иностранного языка, что отражает общую картину в мировом сообществе, где французский язык прочно занимает место блистательного второго «*brillant second*». Это объясняется как традиционным интересом к истории и культуре Франции, так и тем, что французский язык по-прежнему востребован как язык дипломатии и международных контактов различного характера, во всем мире французским языком владеют более двухсот миллионов человек на пяти континентах, а высшее образование во Франции считается одним из лучших в мире. Мировое значение французского языка подтверждается его признанием в качестве официального в ряде международных организаций и сообществ, таких как Европейский Союз, Всемирная Торговая Организация, Организация Объединенных Наций, НАТО, Международный Олимпийский Комитет и многих других. Трудно переоценить всю значимость успешного развития сотрудничества с одним из центров мировой политики, экономики и культуры – Францией для нашей страны. Именно поэтому КазНПУ им.Абая, уделяя особое внимание развитию полиязычия и, в частности, французского языка, стал одним из инициаторов и подписантов Меморандума о создании «Французского университета «Сорбонна-Казахстан» от 17 сентября 2013 года, что придало качественно новый импульс укреплению сотрудничества Франции и Казахстан в сфере образования и науки.

Следует отметить, что в подписании Меморандума о создании «Французского университета «Сорбонна-Казахстан» между КазНПУ им.Абая и Научным центром высшего образования "Сорбонна города Париж" (PRES Sorbonne Paris Cité) важнейшую роль сыграла высокая репутация старейшего ВУЗа Республики Казахстан и его вклад в развитие полиязычия в Республике Казахстан. В последние годы в КазНПУ им.Абая приоритетное внимание было уделено оснащенности учебного процесса изучения иностранных языков, были открыты новые современные лабораторные комплексы в области IT-технологии, закуплены самые современные компьютеры, а для каждого студента выход в интернет стал бесплатным. В связи с этими достижениями университет стал местом проведения различных научно-методических семинаров, посвященных французскому языку и организованных посольством Франции в Казахстане, Французским Альянсом, Республиканской Ассоциацией учителей - преподавателей французского языка РК. В работе семинаров принимали участие и выступали с докладами работники посольства, а также гости и преподаватели из вузов Франции, среди которых генеральный консул Франции в РК господин Патрик Ренар, профессора ведущих университетов Франции. Подобные семинары проводятся ежегодно. За годы работы франкофонных семинаров, организованных при содействии КазНПУ им.Абая, расширяется их география, появляются новые актуальные темы, состав участников с каждым разом возрастает не только количественно, но и качественно. В рамках семинаров проводятся мастер-классы, организованные ведущими преподавателями французского языка, по методике обучения французскому языку, инновационным методам обучения.

Возвращаясь к теме открытия «Французского университета «Сорбонна-Казахстан», следует сказать, что 06 декабря 2014 года состоялась торжественная церемония открытия «Французского университета «Сорбонна-Казахстан», в которой приняли участие президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев и глава Франции Франсуа Олланд, придав тем самым особый официальный статус и историческую значимость этому событию. По состоянию на текущий момент «Французский университет «Сорбонна-Казахстан» предлагает качественные современные программы обучения по праву, социологии, международным отношениям, менеджменту и дизайну, разработанные профессорами французских университетов – партнеров, а первый набор магистрантов уже начал обучение. Согласно утверждению ректора КазНПУ им.Абая Серика Пралиева, образовательный процесс во «Французском университете «Сорбонна-Казахстан» строго соответствует высоким

мировым стандартам качественного образования, в том числе полиязычного образования, и требованиям Болонской конвенции, в которую входит КазНПУ им.Абая.

Безусловную значимость открытия «Французского университета «Сорбонна-Казахстан» укрепляют слова лидеров Казахстана и Франции, сказанные во время церемонии приветствия участников казахстанско-французского экономического и образовательного форума, который состоялся 05 декабря 2014 года в г.Астане, вот некоторые цитаты:

«Я думаю, что представители французских университетов должны приезжать лично в Казахстан, и формировать будущих специалистов здесь, на казахстанской территории. Примером может послужить сотрудничество между Университетом Сорбонны и КазНПУ имени Абая. Нужно показать, что мы можем реализовать совместными усилиями на международной сцене. Мы можем предоставить будущим специалистам самое качественное образование, и, таким образом, сформировать высококлассных специалистов будущего. У нас здесь уже насчитывается 20 проектов, 20 конвенций в области образования. В этом участвуют наши министерства образования. Необходимо, чтобы они сделали последние шаги для обоюдного признания, и, я думаю, это послужит примером доверия между нашими странами», - заявил президент Франции Франсуа Олланд.

«В нашей стране образование является безусловным приоритетом развития. Казахстан взял курс на его приближение к лучшим мировым стандартам. Мы ставим цель, чтобы наша молодежь могла обучиться в своей стране всем знаниям и навыкам, позволяющим смело смотреть в будущее. Приход к нам университетов с мировым именем показывает, что мы выбрали правильный путь», — цитирует пресс-служба слова президента Казахстана.

В завершении хочется подчеркнуть, что претворение в жизнь идеи президента Республики Казахстан о внедрении и развитии полиязычного образования в нашей стране является залогом экономических, политических и социальных успехов Казахстана на международной арене в условиях глобальных вызовов XXI века.

Бұл мақалада Қазақстан Республикасындағы көптілділікті заман талабына сай дамытудың қажеттілігі қарастырылған. Қазіргі заман жағдайында жоғары білім беру жүйесіне жаңа сана мен қоғамдық мәртебе беру және жоғары білікті маман даярлау ісінде Абай атындағы ҚазҰПУ-де француз тілін екінші шет тілі ретінде дамытуға ерекше үлес қосылғаны туралы айтылған.

Summary: In this article the necessity of development of polylingual learning in the Republic of Kazakhstan, as a prior direction of the development of state in contemporary conditions is considered. Special attention is paid to the contribution of Abai Kazakh National Pedagogical University to the development of polylingual learning in the Republic of Kazakhstan on the example of active development of French language as the second foreign.

Key words: polylinguism, competence, the second foreign language, polylingual personality, polycultural personality.

Нормативная правовая основа работы над статьей:

- 1 Конституция Республики Казахстан;
- 2 Стратегия "Казахстан-2050": новый политический курс состоявшегося государства. Послание Президента Республики Казахстан - Лидера Нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана, г. Астана, 14 декабря 2012 года;
- 3 ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПРОГРАММА развития образования Республики Казахстан на 2011 - 2020 годы (Утверждена Указом Президента Республики Казахстан от 7 декабря 2010 года № 1118);
- 4 Закон Республики Казахстан от 27 июля 2007 года № 319-III «Об образовании».

Научная и научно-методическая основа работы над статьей:

- 1 Верещагин Е.М. Костомаров В.Г. Лингвострановедческая теория слова. - М.: Рус. яз., 2000.
- 2 Зарубежные концепции поликультурного образования (Д. Бэнкс), межкультурного образования (П.Бателаан, Г. Ауернхаймер, В. Ниен и др.), глобального образования (Р. Хенви).
- 3 Теории обучения иностранным языкам (Бим И.Л., Гальскова Н.Д., Гез Н.И., Кулибаева Д.Н., Кунанбаева С.С., Миньяр-Белоручев Р.К., Пассов Е.И., Халеева И.И. и др.).

СТУДЕНТТЕРДІҢ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТЕОРИЯЛАРЫ

Убниязова Ш.А. – Кәсіби шетел тілі коммуникациясы кафедрасының аға оқытушы, доктор PhD,
Абай атындағы Қазақ ҰПУ

Мақалада болашақ маманның толеранттылығын қалыптастыру мәселесіне психологиялық тұрғыдан талдау жасалынады. Ізденуші толеранттылықтың психологиялық және іс әрекеттік деңгейлерін анықтаған. Яғни, психологиялық теориялары жете қарастырылған. Автор ғалым психологтардың пікірлеріне талдау жасай келе студенттердің толеранттылығын қалыптастырудың негізгі, мәнде аспектілері айқындаған. Мақалада толеранттылық – бұл адам іс-әрекетін реттейтін, «адам-адам» өзара қарым-қатынасы әрекетіне басшылық жасайтын адамгершілік қағида жайлы тек психолог ғалымдардың ғана емес, саясаттанушылардың да көзқарастары да көрсетілген.

Тірек сөздер: толеранттылық, интеграция, интолеранттылық, болашақ маман, психологиялық теориялар.

Қазіргі қоғам өмірінің бар саласындағы қарқынды динамика мен ғаламды бетбұрыстар сипаты жастардың іс-әрекетіне, қарым-қатынасына жаңаша талаптар қоя бастады. Оларға осы заман ағымына лайық тұлға және маман болу үшін бейімделу емес, алдымен өзін өзгерту және дамыту, сол арқылы жасампаздық, түрлендірушілік әрекеттерді жүзеге асыру өзекті мәселе болып отыр. Сондықтан жастардың зор мүмкіндіктері мен шектерінің, тағдырын өз ырқымен билеуге және қоғамға ықпал етуге қабілеттерінің психологиялық механизмдерін, алғышарттарын анықтау, дамыту қажеттігі шығады. Бұл контексте жоғары мектепте кәсіби білім берудің маңызды бір құраушысы болып табылатын психологиялық дайындаудың және адам бойындағы әлеуеттерді, қабілеттерді ықпалдас-тықпен танытуға, дамытуға деген белсенді әрекетті түсіндіретін субъект психологиясының маңызы мен мәнділігі артады. Арнайы ұйымдастырылатын психологиялық дайындау іс-әрекеттің, қарым-қатынастың және өзіндік дамудың нәтижелі болуын, олардың игілікті, ізгілікті сипатын қамтамасыз етеді әрі тұлғаның кез келген психологиялық проблеманы дәлме-дәл шешуіне мүмкіндік береді. Бірақ мұндай әлеуеттің өзекті болуын бәрінен бұрын тұлғаның өзіндік әрекеті – ішкі ахуалдың өзін-өзі өзгертуге, өзін-өзі жетілдіруге бағытталуы анықтайды. Осыған орай, жоғары мектепте студенттерді психологиялық дайындаудың мазмұнын, әдіс-тәсілдерін, құралдары мен формаларын жаңаша құру қажеттігі шығады.

Толеранттылық – бұл адам іс-әрекетін реттейтін, «адам-адам» өзара қарым-қатынасы әрекетіне басшылық жасайтын адамгершілік қағида, бұл пікірлерде, мінез-құлықта ұқсамайтын және бірыңғай еместікті өткізуге дайындық, бұл өзіңнің әлеміңді басқаның әлемімен өсу және бірге күйзелту, бұл әлеуметтік және зияткерлік қалыптасқан тұлғаның қасиеті. Философиялық, саяси және этникалық теориялар толеранттылық түсінігін психология және педагогика сияқты аралас ғылымдарда толерант-тылықты қалыптастыру мен тәрбиелеу мәселесіне қызығушылықтың туындауымен түсіндіреді.

Психология мен педагогикада мәселе толерантты тұлғаны қалыптастыру, дамыту және тәрбиелеу сұрақтарымен байланысты. Педагогикалық және аралас ғылымдарда қоршаған әлемді диалогтық қабылдауға мақсатталған тұлғаның әлеуметтік жетілуін маңызды құрайтын және жағымды тұлғалық сипаттама ретінде, жасөспірімдер мен жастардың арасында агрессивтіктің өсуімен байланысты толерантты тұлғаға қызығушылық қатты өсті. Білім берудің заманауи философиясы білім берудің басты мақсатын – әрбір тұлғаның өіндік дамуы мен ашылуы үшін жағдай туғызу деп есептейді. Бұның мүмкіндігі әрбіреудің даралық ерешеліктерін мойындау және құрметтеу, тұлғаның өзіншелігі мен қайталанбастығын мойындауға негізделеді. Ғылыми педагогикалық және психологиялық әдебиеттерде соңғы уақытқа дейін «толеранттылық» термині сирек кездесті. Тұлғааралық қарым-қатынасты қатынастың бір түрі ретінде қарастыра келе, психология қатынастың эмоциональдық жағының айрықша ерекшелігін ескере отырып адамдар арасындағы қарым-қатынаста толерантты-лықтың көріну қажеттілігі жөнінде айтты.

Басынан бастап, психологияда көбірек қарастырылған түсінік, дұрыс талқыланған мәселе, «эмпатия» түсінігі болып табылады, оны пайымдауды К.Роджерс түсіндіре келе, эмпатия «басқаның феноменальдық аймағын көруге» ұмтылу деп ескертті [2]. Осы қорытындыға сүйене келе, толерант-тылық мәселесі бойынша заманауи зерттеулерде ғалым-психологтар толеранттылықты «адамдық өзара әрекет кеңістігі» деген көзқараста қарастырады. Басқаша айтатын болсақ, әңгіме іскерлік және тұлғааралық өзара әрекетке, тұлғаның әлеуметтік-психологиялық күзіреттілігіне сапалы жаңаша тұғыр туралы болып отыр.

Ғалым психологтар толеранттылықты **ерекше психологиялық категорияға** қосады (А.Г.Асмолов, С.К.Бондырева, Г.У.Солдатова, И.Б.Гриншпун, В.В.Глебкин, О.Д.Шарова, В.С.Магун, Г. Оллпорт). Жеке қарастырсақ, психолог А.П.Садохин толеранттылықты адамзат мәдениетінің көп қырлылығын мойындау, өзара құрмет, тілектестік ретінде қарастырады [1, б.4]. Crumell F. толеранттылық басқаға қызығушылықтың пайда болуымен, оны түсінуге ұмтылумен сипатталады деп есептейді. Автор бірінші кезекте толерантты тұлғадан эмпатияға қабілеттілікті, ал екіншісінен нақтылыққа, құрметке қажеттілікті бөледі [6]. Көріп отырғанымыздай, ғылыми жұмыстардан келтірілген барлық тезистер, толеранттылықты тұлғаның әлеуметтік мінез-құлқы және оның қоршаған әлеммен тепе-теңдікте өзара әрекеті негізі ретінде түсіндіретін философиялық категорияларға ұқсас.

Жоғарыда келтірілгендерді жинақтайтын толеранттылықтың жалпы критерийлері топ ғалымдар А.Асмолов, В.Глебкин, В.В.Бойко, В.М. Магунпен бөлініп көрсетіледі. **Толеранттылықты** олар: басқаны тұлға ретінде өзінің әлемімен бірге қабылдау шеберлігі, бірге сезіну және бірге күйзелудің (бұл толеранттылықты ізгілік пен альтруизмге жақындатады) пайда болуы, тұлғаның ашық диалогқа дайындығы деп түсіндіреді. Бұл кезде, **психологияда** қалыптасқан толеранттылықтың негізгі аспектілерін бөлеміз:

- өзін реттеуге қабілеттіліктен тұратын тұлғаның даралық қасиетін білдіруші ретінде;
- ашықтық негізінде Басқаға қарым-қатынас бойынша агрессивті емес мінез-құлыққа дайындықты білдіруші ретінде;
- әртүрлі әлеуметтік жағдайларда өзара әрекетке дайындық ретінде;
- жанжалға тұрақтылық ретінде.

Осыған сай толеранттылық жалпы түрде (А.Асмолов) «**психологиялық категория**» ретінде тұлғаның кейбір сипаттамасы ретінде болуы мүмкін. Психологтар толеранттылық категорияларын – мәселені әрекет ретінде түсіну және қабылдауға, ашық өзара әрекетке тұлғаның дайындығына бөледі. Толеранттылық екі негізгі деңгейде өзінің көрінісін: **психологиялық деңгейде** – тұлға мен ұжымның ішкі құрылым мен қарым-қатынасы ретінде, **іс-әрекеттік деңгейде** – қоғамдық мінез-құлық нормасының заңдары және дәстүрі арқылы жүзеге асатын немесе әрекет ретінде.

Осының ізімен, толеранттылық **құрылым ретінде** өз еркімен даралық таңдау сипатында болуы тиіс: ол таңылмайды, тәрбие, ақпарат және жеке өмірлік тәжірибе арқылы игеріледі. **Әрекет ретінде** – бұл өзін шектеу және әдейі араласпаудың белсенді тұғыры, бұл субъектілердің келіспеушілігінде әртүрлі және қарсы тұратын өз еркімен келісім.

Қарастырылған бағыттар бізді толеранттылық тұлғаны адамгершілікті, игілікті: серіктестік рухы, басқалардың пікірімен келісуге дайын болу, басқалардың құқығын құрметтеу, адамдық абыройды құрметтеу, бірге күйзелудің пайда болуы деп анықтауы мүмкін тұлғалық қасиеттер жиынтығы ретінде көрінетін адамгершілік категориясы ретінде қарастырылуы мүмкін деген қорытындыға келеміз. Толеранттылықты «тұлға бостандығына төзімділіктің пайда болуы, адамның адамды түсінуі және қабылдауы» деп қарастыра келе, ол адамдар мен социумның өзара қарым-қатынасында пайда болады деп айтуға болады. Мұнда толеранттылық адамдардың өзара қарым-қатынасында әлеуметтік және адамгершілік деңгейде бола тұрып, адамдардың қоршаған ортамен қатынасы іс-әрекеті арқылы көрінеді деп әділ айтуға болады. Сонымен, толеранттылық тұлғаның қасиеті ретінде сана деңгейінде, мінез-құлық деңгейінде көрінеді, Ананьевтің пікірі бойынша «сана мінез-құлықты қалыптастырады». Егер біз толеранттылықты сәйкес келетін сипаттамасымен берік психологиялық және мінез-құлықтық феномен ретінде қарастыратын болсақ, онда А.В. Петровскийдің пікіріне сүйене отырып, аталған құбылыстың психологиялық беріктігі сананы орындауға бағыттаумен, индивид санасында қалыптасқан фрустраторларды қамтамасыз етеді.

Толеранттылық – бұл төзімділік сезімі, келісім және сенім, басқа адамдардың пікіріне құрмет. Аталған қасиеттің болуын анықтайтын негізгі көрсеткіштер басқаның тұлғасына бағытталған тұлғаның жағымды мінез-құлқы болып табылады. Бұл келісім мен компромисс жолымен тұлғаның абыройын таптамай жанжалдық жағдайдан шығудың шынайы құрылғысы. Басқаша сөзбен – бұл тұлғаның өзіне және қоршаған әлемге деген қарым-қатынасын анықтайтын тұлғаның адамгершілігі мен ізгілігі жасалатын **кешенді феномен**. Мұқият әдебиеттерді талдау негізінде біз бұл көп факторлы құбылыстың **мәнді аспектілерін** бөле аламыз.

1. Толеранттылық – бұл шығу тегі бойынша әлеуметтік категория (адамның адаммен және адамның социуммен өзара әрекеті үрдісінде туындайды және көрінеді).

2. Ол адамның социуммен өзара қарым-қатынасының ерекше (зорлықсыз, татулық, жанжалсыз) түрін тіркейді.

3. Феноменнің сипаттық нышаны оның көрінуінің беріктігі болып табылады.

4. Ол екі деңгейде: тұлғаның қарым-қатынас түрінде сана деңгейінде, саналы әрекет немесе қимыл ретінде мінез-құлық деңгейінде пайда болады.

5. «Толеранттылық» түсінігінің негізгі мазмұны қоғамдық тұрмыстың көп қырлылығын түсіну, адамдық тұлғаны құрметтеу, басқа адамдардың даралық ерекшеліктеріне, олардың көзқарастарына, сенімдеріне, діни сенімдеріне төзімділікпен қарым-қатынас, агрессияны, өшпенділікті және зорлауды белсенді жоққа шығару болып табылады.

6. Толеранттылық әмбебап категория болып табылмайды, оның мазмұны мен шегі тек қана тарихи аспектіде ғана емес, сонымен бірге, мәдени дәстүрге, қоғам байлығына және көптеген басқа факторларға байланысты ажыратылады.

7. Саясаттанушы зерттеушілер тобы толеранттылық мүмкін және тәрбиеленуі тиіс шығар, бірақ та бұл үшін арнайы педагогикалық жағдай мен білім беру кеңістігін жасау қажет деп тұжырымдайды.

«Толеранттылық» түсінігі жеткілікті кең дәрежеде түсіндірілгеніне қарамастан, бұл құбылыстың жалпы қабылданған сипаттамасы жоқ, сонда да болса толеранттылық сияқты жеке тұлғалық жаңа жасалулар – тұлғаның әлеуметтік, адамгершілік жетілуінің көрсеткіші болып табылады. Әдебиеттік қайнар көздерге жасалған талдау, толерантты тұлға – негізіне адамдық қарым-қатынастың маңызды психологиялық-этикалық линиясы: ізгіліктік, рефлексивтік, еркіндік, қорғалғандық, ептілік, өзіне сенімділік, эмпатия және т.б., қасиеттері салынған, өзін дұрыс бағалау, қоршаған әлемді белсенді игеруші және қайта жасаушы, ашық және еркін, өзін негіздеу шеберлігінің жоғары дамуы, нақты рухани және мәдени-тарихи құндылықтары көрінетін әлеуметтік-белсенді тұлға деп дәлелдейді. Қоғам дамуының заманауи кезеңінде мұндай тұлға өте қажет, толеранттылық **«адам-адам», «адам және социум»** өзара әрекетінің барлық деңгейінде адам мінез-құлқы мен санасын жағымды реттеуші болады [4]. Егер толеранттылықты өзара әрекет түрінің татулығына бағытталған адамның адамгершілік қасиеті деп есептесек, онда бұл біз жоғарыда айтып кеткендей, адамның адаммен қарым-қатынасында және біріккен іс-әрекетінде көрінеді.

Қатынастың маңызды жағы құндылық болып табылады. Олармен алмасу бірлікте күтетін және құрылымдар үрдісінде нақтыланатын диалогта жүреді. Қатынас арқылы толеранттылық болып табылатын нақты құндылықтық және ізгіліктік идеяларды адамдардың игеруі жүреді. Бұрын байқалғандай қатынасқа қажеттілік тек адамдық қана болып табылады. Ол адамдардың бірігуге және серіктестікке ұмтылуының іргелі негіздемесінде құрылады. Біздің қорытындымыздың сенімділігі адамға нақты идеяларды игерту арқылы жүретін қатынас үрдісі қарым-қатынасты қалыптастырудың негізі деп есептейтін Villegas, A. M. бірнеше еңбектерінде бекітілді [8].

Бірақ та бұл бағыттағы алғашқы жұмыстар бар. Біз өзіміздің жұмысымызда біздің зерттеуіміздің тақырыбына сай келетіндеріне ғана тоқталамыз.

80-ші жылдардың ортасында педагог-психолог А.Н. Лутошкин жоғары сыныптық-көшбасшы тұлғасының параметрлері жөнінде тұжырымдаманы жасап шығарды. Оның еңбектерінде жоғары сыныптық-көшбасшы, ұжымда өзара әрекетте қарқын алатын біріккен іс-әрекетте жоғары адамгершілікті, өзінің жолдастарын құрметтейтін, әлсіздік пен кемшіліктерге төзімділік жасайтын тұлға ретінде сипатталады[3]. Кейінірек, бұл көзқарасты дамытқан оның ізінен еруші Л.И. Уманский өзінің «Оқушының ұйымдастырушылық іс-әрекетінің психологиясы» атты еңбегінде «ұйымдастырушының психологиялық тактісі» түсінігін жасады және негіздеді[5], А.Н. Лутошкиннің жоғары сыныптық-көшбасшы сипаттамасына көрсеткіштері бойынша өте жақын.

Жоғары сыныптық-көшбасшыны айрықшалайтын әртүрлі критерийлер арасында Л.И.Уманский-дің негізгі параметрлері ұйымдастырушымен өзара қарым-қатынаста сыйластық сезімін сақтауға, олардың және өзінің психологиялық ерекшеліктеріне дұрыстықты сақтауға қабілеттілік болып табылады.

Аталған қасиет мінез-құлықтық деңгейде көрінеді және ұйымдастырушының даралық қасиеттеріне және сыртқы ықпалдарға байланысты қойылған қарым-қатынастың дұрыстығын, қарым-қатынастың қажетті шегі мен формасын табу қиындық туғызғанда ұйымдастырушы мен ұйымдасқанның аффектілік қалпын, күйзелістік жағдайларда ол өте маңызды болады.

Аннотация: Психологический аспект исследования проблемы формирования толерантности предполагает раскрытие специфики толерантности как особого явления человеческой психики, направленного на саморегулирование личностью своих действий в сфере поведения и деятельности на основе эмоционально-ценностного отношения к себе и другим. В статье рассматриваются психологические теории в формировании толерантности у студентов. А также обсуждаются некоторые психологические аспекты и критерии толерантности.

Ключевые слова: толерантность, интеграция, интолерантность, будущий специалист, психологические теории.

Abstract: The psychological aspect of the tolerance formation problem involves the disclosure of specific tolerance as a special phenomenon of the human psyche, aimed at self-regulation of personality and their actions in the field of behavior and activities on the basis of emotional and value relationship to yourself and others. The article is devoted to the psychological theory of the tolerance formation among students. And also some of the psychological aspects and criteria of tolerance have been discussed.

Key words: tolerance, intergration, intolerance, future specialists, psychological theories.

1 Асмолов А.Г. Культурно-историческая психология и конструирование миров. – М.: Институт практической психологии, Воронеж: НПО МОДЭК, 1996. – 768 с.

2 Роджерс К. Взгляд на психотерапию. Становление человека / К. Роджерс. – М. : Прогресс, 1994. – 532 с.

3 Лутошкин А.Н. Как вести за собой. – М., 1986.

4. Садохин, А. П. Межкультурная коммуникация: учеб. пособие / А. П. Садохин. - М.: Альфа-М: ИНФРА - 2004. - 288 с.

5 Уманский, Л.И. Психология организаторской деятельности школьников: Учеб. пособие для студ. пед. ин-тов / Л.И. Уманский. — М.: Просвещение, 1980. - 160 с.

6 Crumell, F. (1999, Fall). A focus on the black experience. *Teaching Tolerance Magazine*, 16, 63.

7 Heller C., Hawrins J. A. Teaching tolerance: notes from the front line // Teachers college records. 1994. Vol. 95. № 3. p. 337 – 368.

8 Villegas, A. M., & Lucas, T. (2002). *Educating Culturally Responsive Teachers: A Coherent Approach*. Albany: Suny Press.

УДК 378.016: 811.112.2

РОЛЬ НЕМЕЦКОГО ЯЗЫКА КАК ВТОРОГО ИНОСТРАННОГО В СВЕТЕ ПОЛИЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Дуйсенова К.Т. - старший преподаватель КазНПУ имени Абая Институт Полиязычного образования
г. Алматы, Казахстан, karakat.72@mail.ru

Согласно языковой политике нашего государства английский язык на сегодняшний день приобрел статус основного иностранного языка. По этой причине остальные иностранные языки, которые раньше также изучались в качестве основного иностранного языка (на пример немецкий и французские языки), перешли на уровень второго иностранного языка. В данной статье рассматриваются проблемы преподавания немецкого языка как второго иностранного языка и о проблемах выбора учебников, для его осуществления.

Ключевые слова: Конструктивизм, коммуникант, полиязычное образование, учебный процесс, этнокультура, многоязычная личность, унификация языков, коммуникативная целенаправленность, профессиональные умения преподавателя, государственный образовательный стандарт.

В условиях модернизации образования в РК система вузовского педагогического образования призвана обеспечить образовательно- профессиональную подготовку будущего специалиста. Современные концепции обучения иностранным языкам (ИЯ) развиваются в гуманистическом направлении, которое связано с новыми подходами к определению целей, и технологии обучения. На практике это находит выражение в государственном образовательном стандарте, программах, средствах обучения (учебниках и учебных пособиях) и формирует реальный учебно-воспитательный процесс. Поэтому преподавание изучаемых языков должно осуществляться на основе конструктивизма личностно- ориентированного и компетентностного подхода к организации образовательного процесса, также в связи с процессами глобализации, новыми для Казахстана межкультурными контактами, быстрым ростом экономики, новых технологий, миграции населения и другими явлениями значительно возрастает необходимость развивать межкультурные компетенции для понимания коммуникантов, принадлежащих к разным этнокультурам как внутри страны, так и за ее пределами.

В последнее десятилетие, в период расширения интеграционных процессов, углубления международного сотрудничества, роста профессиональных, научных и культурных обменов, возникла необходимость активизации процесса поиска эффективных условий и механизмов воспитания

подрастающего поколения, способного к диалогу с другими культурами. Решение этой задачи будет способствовать формированию специалиста, конкурентоспособного на отечественном и международном рынке труда, обладающего навыками параллельного владения тремя и более языками, а также коммуникабельной позитивной личности, способной к активной и эффективной жизнедеятельности в многонациональной и поликультурной среде, обладающей развитым чувством уважения и понимания других культур, умением жить в мире и согласии.

В Послании Президента РК Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Казахстан путь – 2050: Единая цель, Единые интересы, Единое будущее» выделен важный вопрос стратегии, касающийся предоставления качественных услуг образования по всей стране на уровне мировых стандартов. [I]

С развитием в Казахстане полиязычного образования, на сегодняшний день актуальным является проблема определения задачи обучения иностранным языкам. В условиях нашей страны, где сосуществуют два языка: казахский – как государственный и русский – как язык межнационального общения, изучение любого иностранного языка само собой является третичным, так как для жителей один из вышеназванных языков уже является иностранным, независимо от того, на каком уровне владения он находится. С психологической точки зрения индивид не может в совершенстве владеть двумя или несколькими языками, все же один язык, на котором он думает, для него останется доминантным, а в остальных случаях в зависимости от уровня владения вторым или третьим языком, происходит быстрый или медленный перевод своих мыслей на неродной язык. При быстром переводе мыслей на неродной язык, благодаря оперативным реакциям, происходящим на психолингвальном уровне, многим может показаться, что они думают на этом языке.

Согласно языковой политике нашего государства английский язык на сегодняшний день приобрел статус основного иностранного языка. По этой причине остальные иностранные языки, которые раньше также изучались в качестве основного иностранного языка (на пример немецкий и французские языки), перешли на уровень второго иностранного языка. Теперь эта тенденция требует пересмотра методики преподавания данных языков и разработки новых технологии обучения немецкого (французского) языка как второй иностранный язык.

Н.В. Барышников, являющийся одним из известных специалистов по введению второго иностранного языка (на материале французского) в России, считает, что: «Второй иностранный язык в отечественной школе – явление новое и, безусловно, положительное. Можно утверждать, что введение второго иностранного языка в учебный план общеобразовательной школы стало реальным шагом на пути к поликультурному образованию, к формированию многоязычной личности. Дальнейшее расширение практики преподавания в школе двух, трех иностранных языков представляется той реальной мерой, которая способна воспрепятствовать унификации языков. Изучение иностранных языков в других странах продлевает жизнь изучаемым языкам и придает жизненные силы родному языку обучаемых» [II].

Выбор немецкого языка для изучения в школе в качестве второго иностранного языка (далее ИЯ2) не случаен и объясняется интенсификацией сотрудничества между Казахстаном и Германией в коммерческой и профессиональной жизни, увеличением личной мобильности, расширением контактов с немецкой культурой, возможностью обмениваться учениками и учителями. Немецкий язык является типично вторым иностранным языком. Как показывает практика, трое из четырех, изучающих немецкий язык как ИЯ 2, изучали английский язык в качестве первого иностранного языка и могут использовать полученный опыт, знания, умения и навыки, которые могут быть перенесены во второй иностранный язык и значительно облегчить его изучение.

При обучении немецкому языку как ИЯ 2 после английского необходимо опираться на общие принципы, действующие при обучении любому иностранному языку. Несмотря на то, что у этих принципов много общего, они имеют все же некоторую модификацию применительно к ИЯ2, учитывая специфичность условий обучения, например, наличие трех контактирующих в процессе обучения языков (родной язык, ИЯ1 и ИЯ2), большого опыта в изучении неродного языка и т.д. [III].

С учетом вышеназванных целей и задач обучения ИЯ как второму нужно отметить особую роль учебников иностранного языка. Как мы видим, в методическом плане учебник по 1 ИЯ должен существенно отличаться от учебника по 2 ИЯ. Немецкие методисты давно занимаются проблемами преподавания немецкого языка в качестве второго иностранного языка, разработаны множество учебников, дидактизированных для преподавания немецкого языка после английского. Также имеются учебники немецкого языка сравнительно-сопоставительного характера с французским, турецким, японским, испанским, русским языками. («Schritte», «Deutsch easy», «Deutsch.com»)

Хорошо известно, что учебник и содержащиеся в нем материалы являются одним из важных компонентов учебного процесса, поскольку они выступают в качестве некоего осязаемого воплощения учебной программы. Учебник всегда присутствует на занятии и в этом смысле являет собой конкретную модель иноязычного общения в аудитории, к которому стремятся преподаватель и обучаемые. Поэтому значение учебника для организации качественного учебного процесса по иностранным языкам трудно переоценить. И в этой связи актуально стоит вопрос о правильном выборе учебника. В настоящее время книжный рынок предлагает большой выбор учебных пособий как отечественных, так и зарубежных издательств.

Долгое время ученые не обращали внимание на анализ и оценку учебников. Только в 70-х годах прошлого столетия стали появляться работы, посвященные этой проблеме. [2] Мы разделяем мнение немецкого ученого Г.Нойнера и отечественных исследователей- методистов, которые выделяют следующие основные требования к учебнику [IV]:

- Коммуникативная целенаправленность – учебник должен быть нацелен на развитие иноязычной коммуникативной компетенции студентов как интегративной цели обучения иностранному языку, то есть на развитие у них способности и реальной готовности осуществлять иноязычное общение на межкультурном уровне в четырех видах речевой деятельности: аудировании, говорении, чтении и письме.

- Информационная достаточность. В учебнике в материальной знаковой форме представляется содержание обучения иностранным языкам в единстве всех его аспектов: материального (единицы языка и речи), идеального (сфера общения, предмет речи, темы, ситуации, проблемы), процессуально-действенного (речевые действия с указанными единицами в целях решения учебных коммуникативных задач), а также эмоционально-ценностного аспекта.

- Учет закономерностей усвоения лингвистических знаний, формирования навыков и умений

- Мотивация. Стимулирование когнитивных функций (мышления, памяти, воображения и др.) Личностная значимость учебного материала и учет коммуникативных потребностей студентов.

- Реализация организационно-управленческой функции. Учебник организует деятельность студентов их взаимодействие друг с другом и преподавателем (интеракция), ориентирует на развитие рефлексии, осуществление контроля и самоконтроля.

- Учебник должен быть нацелен на разностороннее развитие студентов средствами иностранного языка, на воспитание поликультурной личности.

Как показали опросы преподавателей секции немецкого языка, проведенные на семинарах Гете-Института г. Алматы, а также наш собственный опыт, погоня за неким универсальным учебником, который позволит решить все методические задачи, обречена на неуспех. Ни один учебник не может удовлетворить все разнообразные потребности и интересы студентов, соответствовать уровню развития способностей, индивидуальным особенностям каждого из них. В настоящее время преподаватели секции немецкого языка используют учебники издательств ФРГ: „Themen neu“ I, II, „em“ (Brückenkurs, Hauptkurs, Abschlusskurs), а также учебники, изданные в сотрудничестве с авторами из ФРГ, России и Казахстана: „Hallo, Nachbarn!“, „Kasachstan im Deutschunterricht“. В них соблюдены определенные требования, предъявляемые к современным учебникам, что делает их востребованными в учебной деятельности студентов КазНПУ имени Абая. Подробный анализ этих учебников в свете вышеуказанных требований автор предполагает сделать в своем одноименном докладе.

В практике преподавания иностранных языков материалы учебника используются в той мере, в какой это необходимо для реализации учебной программы, что исключает бездумное и безответственное «прохождение» учебника. Поэтому одним из необходимых профессиональных умений преподавателя является умение адаптировать учебник, а также использовать широкий спектр учебных материалов различными способами для удовлетворения потребностей студентов. Как показывает опыт, преподавателю необходимо постоянно искать новые подходы в преподавании иностранного языка, которое активизировало бы мыслительную деятельность обучаемых, позволили бы сделать учебный процесс качественным, эффективным и в то же время привлекательным и интересным. Решение перечисленных выше проблем, связанных с организацией личностно-ориентированного обучения, лежит как в плоскости планирования учебного процесса, оставаясь в границах, очерченных государственным стандартом и типовой программой, так и создании учебников и учебных пособий силами ППС кафедры, которые в полной мере были бы ориентированы на некий реально достижимый, обозримый и привлекательный для студентов результат, что способствовало бы оптимизации труда в контексте современной программы образования и воспитания.

Түйін. Қазақстанда көптілдік саясаттың енгізілуіне байланысты неміс тілін екінші шетел тілі ретінде оқыту үдерісінің маңыздылығы артып отыр. Аталмыш баяндамада неміс тілін екінші шетел тілі ретінде оқыту және осы тілді оқытуда оқулықты дұрыс таңдау мәселелері қарастырылады.

Тірек сөздер: Конструктивизм, коммуникант, көптілді білім беру, оқу үдерісі, этномәдениет, көптілді тұлға, тілдерді унификациялау, коммуникативтік мақсатты бағдар, оқытушының кәсіби біліктілігі, мемлекеттік білім стандарты.

Resume. Teaching German as the second language is actual in context of introduction of multilingual policy in Kazakhstan. Teaching German as the second language and problems of choosing the right book are considered in the article.

Key words: communicator, multilingual education, teaching process, ethno-culture, multilingual personality, programme of communicative aim, learners; professional qualification.

1 Назарбаев Н.А. «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, Единые интересы, Единое будущее » Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана // Казахстанская правда – 2014.

2 Н.В.Барышников «Сборник научных трудов» Пятигорск: ПГЛУ, 2003.

3 Бим И.Л. Концепция обучения второму иностранному языку (немецкому на базе английского). – Тверь, Титул, 2001.

4 G. Neuner. Mannheimer Gutachten. - Wierlacher 1979, с 5-39

УДК 811.112.2

МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ЫҚПАЛДАСТЫҢ КЕПІЛІ

Оразалинова Р.Ж. - аға оқытушы Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті
Көптілді білім беру институты Кәсіби шетел тілі коммуникациясы және аударма ісі кафедрасы

Мақалада Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Тілдердің үш тұғырлығы» мәдени жобасы бойынша көптілділік саясатының адам өміріне кірігіп жатқаны баяндалады. Қазақстан халқы үшін үштұғырлы тіл саясатын жүзеге асыруда ұстаздар қауымының атқаратын педагогтық қызметтерінің маңыздылығы, заман талабына қарай олардың жұмыстары түбегейлі жаңару қажеттілігі баса айтылады. Көп тілді игеру – әлемдік кеңістікке шығу. Ел мен елді, мәдениет пен мәдениетті жақындастыратын осы тіл. Сондықтан білім жүйесіне көптілді білім берудің талаптары мен методологиялық негіздерін дұрыс жолға қоюды, сонымен қатар үш тілге жетік маман-кадрларын даярлау керектігін сөз етеді.

Тірек сөздер: көптілділік саясаты, мәдениетаралық ықпалдастық, жаңа технологиялар, тілдік құзыреттілік, шығармашылық іс-әрекет, бәсекеге қабілетті, ақпараттық мәдениет, зияткерлік деңгейі, халықаралық арена.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Тілдердің үш тұғырлығы» мәдени жобасы еліміздің барлық өңірлерінде кеңінен таралып, өзінің нақты нәтижелерін беруде. Қазіргі жаһандану кезеңінде көптілділік саясатының маңыздылығы мен қажеттілігі туралы аз айтылып та, жазылып та жүрген жоқ. Бұл әр мемлекеттің саяси-экономикалық және мәдени-рухани дамуына бағытталған заңды құбылыс. Біздің ел дамыған, бәсекеге қабілетті мемлекеттер қатарына қосылу үшін өте маңызды талпыныс. Көп тілді білу – көп елді тану, яғни әлеммен тілдесу деген тұжырым. Қазір бұқара халықтың сана-сезімі мен тұрмыс-тіршілігіне шет тілдерін білудің қаншалықты керек екендігін жете түйсініп, шет тілдерін үйрену – ғалымдардан бастап қарапайым адамдарға дейін қатты қызығушылық тудырып отырғаны мәлім. Көптілді білетін адамдардың өз қатарынан озық болатыны да белгілі. Шет тілдерін игеру – адамның ой-өрісінің кеңеюіне, жаңа елдермен танысып, жаңа таныс-достар табуға мүмкіндік береді. Шет тілдерін жоғары деңгейде игеру – жас маманның қызмет деңгейін көтеріп, карьерлік өсуіне әсер ететіндігі белгілі. Шет тілін жақсы меңгеріп, шетелдік компанияларда жұмыс атқарып жүрген азаматтар болашақта өз еліне инвестиция тартып, мемлекеттерді жақындастыруға да себепші болатыны сөзсіз.

Қазақстан бүкіл әлемде үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуы тиіс. Сондықтан қазақстандықтардың үштұғырлы тіл саясатын жүзеге асыруда тілдік бағытта жұмыс істейтін мұғалімдердің орны ерекше. Елбасы өзінің кезекті Жолдауында «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Біз мұғалім мамандығының беделі мен абыройын қайтаруға міндеттіміз.» [1] деген еді. Мемлекетіміздің саяси, экономикалық, мәдени байланыстары көптілді білім беруді білім жүйесінің қазіргі заман талабына сай түбегейлі жаңаруына және базистік

оқу жоспарының республикалық компонентіне енуі болып отыр. Ол үш тілде білім алуға жетелейді. Түбегейлі өзгерістерге толы жаңа қоғамда білім беру саласына жаңаша қарауды, мұғалім іс-әрекетін жаңаша ұйымдастыруды талап етеді. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Білім беру мазмұны шетел тілін және информатика негіздерін ертерек оқытумен толықтырылатын болады» [2] деп қарастырылған. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес, жаңа технологияны меңгеру – студенттердің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруға көмектеседі. Осыны түсінген жастар қазір тек қана ағылшын тілін үйренумен шектелмей, тағы бір не бірнеше тілдерді қосымша үйренуге тырысып бағуда. Көбінесе неміс, қытай, испан, италян тілдерін үйрену басым.

Жаһандану кезеңінде шет тілін үйрену, яғни оқыту үрдісі барлық маман иелеріне қажеттілігі байқалады. Осыдан он жыл бұрын әрбір маман иесі өз ісін, қызметін, яки жұмысының жақсы кәсіби маманы болса деп шектелетінбіз. Керек жағдайда аудармашының қызметіне жүгінеміз. Ал қазіргі жағдайда әрбір адам бір емес, көп тілді білу қажеттігін түсініп, жас шамаларына қарамай шет тілдерін үйренуде. Оның себептерін айтпаса да түсінікті ғой деп ойлаймын. Дегенмен мына жайттарға тоқталып өтейін: көп тілді игерген кез-келген маман иесінің келешегі даңғыл, әрине көзін тапса; ол адамның мүмкіндіктері мол; өз кәсібі бойынша шет елге аудармашысыз бара алады, қажетті ақпараттарды жинай алады; өз кәсібі бойынша интернет көзі арқылы шет елдің кез-келген компаниясы ма, фирмасы ма, өндіріс орны ма т.б. салаларымен байланыс не келісім-шарт жасай алады; өз кәсібі бойынша шет елдің мамандарымен тәжірбие алмасу, іс-сапарлар ұйымдастыру сияқты шараларды іске асыруға болады; өз кәсібі бойынша шет елде өтетін симпозиум, халықаралық ғылыми конференциялар, семинар-тренингтер т.б. қатысуға болады; өз кәсібі бойынша шет елде шығатын халықаралық журналдарға ғылыми-зерттеу тұрғыда өз мақала-зерттеулерін жариялауға болады (импакт-фактор).

Әлемдік білім кеңістігіне ұмтылып, білім берудің халықаралық стандарттарын игеруге талпынып отырған Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті бүгінде дүние жүзінің ең беделді 150 университетімен ынтымақтастық, әріптестік қарым-қатынаста жұмыс істеп келеді. Сондай-ақ ол Қазақстан жоғары оқу орындары арасында өзінің көшбасшылық келбетін сақтай отырып, халықаралық деңгейде білім беру, ғылым саласындағы танымды ғылыми орталыққа айналып отыр. 85 жылдан астам тарихы бар тұңғыш жоғары оқу орны әр жылы халыққа арнаған Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауларынан туындайтын міндеттерді басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының білім беру саласын дамытудың мемлекеттік бағдарламаның мақсаты – педагогикалық бағыттағы жоғары білікті, бәсекеге қабілетті, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін бір уақытта меңгерген және тілдік құзыреттілікке ие, халықаралық білім кеңістігі мен еңбек нарығында мәдениетаралдық коммуникацияға қабілетті мамандарды дайындау мақсатында көптілді білім беруді дамыту жолға қойылған.

Филология және көптілді білім беру институтының директоры, профессор Т.Т.Аяпованың басшылығымен көптілді дайындығына бағытталған 2012-2016 жылға арналған көптілді білім беруді дамытудың стратегиясы мен бағдарламасы әзірленген. Барлық мамандықтар бойынша көптілді топтар құрылған, студенттердің құрамы мен білім деңгейлері мен тілдік құзыреттіліктері анықталды. Оқу үрдісі көптілді білім беру талаптарына сәйкестендірілген. Институттың оқу-әдістемелік бірлестігі осы мақсатта бірқатар іс-шараларды жүзеге асыруда. Атап айтқанда, әдістемелік жұмыстың, оқу бағдарламаларының сапасын арттыру шаралары, көптілді оқытуға қатысатын профессор-оқытушылар құрамын дайындау, көптілді топтарға дәріс оқу және ағылшын тілінен курстар ұйымдастыру мақсатында шетел профессорларын шақырту т.б. Студенттер мен оқытушылар ұтқырлығы негізінде алыс-жақын шет елдермен өз ара тығыз байланыстар, ғылыми жобалар т.б. тәжірбие алмасу, шетелде білімдерін жалғастыру, ғылыми еңбектерін қорғау сияқты мүмкіндіктер жасалған. (Америка, Англия, Германия, Франция, Австрия, Қытай, Түркия, Араб, Корея, Жапония т.б. елдерінде)

Елбасының «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы халықты биік мақсатқа, ортақ мүддеге біріктіретін ұлттық идеяға айналып отыр. «Ол идея – мәңгілік Ел идеясы» деп көрсетті Елбасымыз. [3] Қандай да болмасын ауқымды да, келелі жалпы халықтық істерді орындау оңай шаруа еместігі ақиқат. Сондықтан халықты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін патриоттық, ұлттық идея керек екені – күмәнсіз шындық. Жалпы барлық құнды еңбектер, жаңалық атаулы тек отансүйгіштік арқылы дүниеге келеді. Бір шаңырақтың астында ұлттар достығын жаһанға

мойындату, мемлекеттік тілдің төңірегіне тұтас елді топтастыру идеясын жүзеге асыру – шын патриоттың қолынан ғана келетін іс. Жолдау «Қазақстан – 2050» стратегиясы бойынша 35 жыл ішінде дүние жүзіндегі дамыған 30 елдің қатарына қосылудың негізгі құжаты саналып, «Мәңгілік Қазақ» жобасы деп аталуы да, әрбір отандастардың жүрегіне өз еліне деген мақтаныш сезімін ұялатып және оны орындау жолындағы сенімін нығайтты. Егемен еліміздің жеткен жетістіктері мен мемлекеттің көркеюі – бүгінгі аға буынның, орта буынның еңбегі болса, 2050 жылға дейінгі стратегияны орындауды Елбасы бүгінгі жастарға жүктеп отыр, себебі 2050-ң негізін қалайтындар – жастар болмақ. Ол үшін басты талап – елімізде белсенді де білімді, денсаулығы мықты жас ұрпақ тәрбиелеп өсіру – аға мен орта буынның міндеті болмақ. Жолдауда білім мен ғылым саласына ерекше мән бере отырып, 2020 жылға дейін жалпы білім беру аясын жаңадан ашылып жатқан Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу қажеттігін, оларды бітірген түлектердің қазақша, орысша, ағылшын тілдерінде еркін сөйлеуге үйрету керектігін қадап айтты. Қазірде жастар барлық заманауи техникалық құралдарды меңгеруде кез-келген басқа елдің жастарымен зияткерлік деңгейі жағынан терезелері тең. Тіпті, халықаралық аренадарда өздерінің біліктілігімен елді сүйсіндіріп, білімдерімен әлемді өздеріне қаратып жүрген өрендеріміз де баршылық.

Соңында ағылшын ғалымдарының зерттеулері бойынша көп тілді білген адамның тағы бір жағымды жағын айтуға тура келіп тұр. Олардың айтуынша, көп тілді білген адамның миындағы нейрондардың күшейетіндігі, яғни адамның қартаю процесі бәсеңдеп, жастық қалпын ұзағырақ сақтайтынын дәлелдеді. Себебін айтса, адам басқа тілде сөйлегенде мидың қан айналымы мен нерв талшықтарының байланысы жақсара түседі. Бұл зерттеудің қорытындысына Американың ғалымдары да қостап отыр. Олар адамның қартаю шағында болатын ұмытшақтық (склероз) ауруды бәсеңдетеді, яғни бір тілден екінші тілге ауысқанда мидың жұмыс істеу қабілетінің күшті болатынын тәжірбие арқылы байқаған. Осыдан түйгеніміз, адамға көп тіл білу денсаулығына пайдалы жақтары көп екенін, әрбір адам өзін мына жаһандану кезеңінде барлық жағынан еркін сезініп, алға қойған мақсатына жете берсін деген ізгі ниетпен ойымды тұжырымдаймын.

Резюме. В статье рассматривается полиязычие, которое сближает стран и стремление к полиязычному образованию поможет интеграции Казахстана в экономическую и культурную сферу мирового сообщества. Владея языками, люди способны в настоящее время достичь больше успехов в жизни. Понимая сущность полиязычия молодежь способна легко интегрироваться в культуру других народов.

Ключевые слова: политика полиязычий, межкультурная интеграция, новые технологии, языковая компетенция, творческое дело, конкурентноспособный, информативная культура, интеллектуальный уровень, международная арена.

